

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ**

20 қараша 2022

**ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

ВАЖЕН ГОЛОС КАЖДОГО!

● СҮЙІНШІ!

Мерейлі марапат



Республика күні қарсаңында ҚР Президентінің жарлығымен облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары **Жазыкен Томпиев Отанымыздың жоғары наградасы – «Құрмет» орденімен марапатталды.**

Мұндай құрметке Жазыкен Қалиұлы көп жылғы еңбегі және облыстың қоғамдық-саяси өміріне, жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу ісіне елеулі үлес қосқаны үшін «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Орталық кеңесінің ұсынысымен ие болды. Награданы облыс ардагерлері активі жиынында облыстық кеңестің төрағасы Оралды Төрегожин салтанатты жағдайда тапсырды.

– Жазыкен Қалиұлы – саналы ғұмырын халыққа, қоғамға қызмет етуге арнаған жан. Жылдар бойғы үздіксіз қызметі талай мәрте жоғары тұрған басшылық тарапынан лайықты түрде еленді. Зейнет демалысына шыққаннан кейін де ардагерлер қозғалысына белсене араласып, кейінгі ұрпақ тәрбиесіне бір кісідей үлес қосты. Бүгінгі марапатты замандасмызға берілген лайықты баға деп ойлаймыз, – деді Оралды Төрегожин.

Ж.Томпиев облысқа танымал азамат. Ол зейнетке шыққанша Ақадыр ауданының партия, кеңес органдарында, облыстық мәслихатта лауазымды қызметтер атқарды. 2016 жылдан ардагерлер қозғалысына қатысып, Қарағанды қалалық, облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы болды. 2018 жылдан «Ардагерлер ұйымы» РҚБ облыстық филиалы төрағасының орынбасары. Бірнеше дүркін аудандық және облыстық кеңестердің депутаты және бірінші шақырылған облыстық мәслихаттың депутаты болып сайланған. «Қарағанды облысының Құрметті ардагері» төсбелгісінің иегері.

Әріптесімізді мерейлі марапатымен шын жүректен құттықтаймыз!

Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесі

● ТӘТТІМБЕТ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ӨНЕР КОЛЛЕДЖІНЕ – 70 ЖЫЛ

Өнер ордасының салтанаты

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер мәдениет сарайында отандық өнер мен мәдениеттің Арқа төріндегі ұстаханасы Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің 70 жылдық мерейтойы дүркіреп өтті. Қараша мерейтойы – іргелі оқу орнының ардагерлері, оқытушылары мен түлектері үшін ғана емес аймақ жұртшылығы үшін де айтулы мереке. Кешке облыс әкімінің орынбасары Ербол Әлікұлов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова бастаған зиялы қауым өкілдері, колледж ұжымы, студенттер мен қала тұрғындары қатысты.

Ауқымды іс-шара шымдылығы ұрпақтары ортаға алған Ана бейнесі хақындағы поэтикалық-пластикалық композициямен түрлілі.

– Колледжде 1973 жылы Қазақ КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысымен шертпе күй орындаушылық мектебінің негізін қалаушы, жерлесіміз Тәттімбет Қазанғапұлының есімі берілді. Осы шаңырақтан республика ғана емес, дүние жүзіне танымал майталмандар шықты. Құрметті ұстаздар, студенттер, кеш құтты болсын! Тәттімбет колледжінің жұлдызы жарқырап жана берсін, – деп жүрекжарды тілегін жеткізген Ербол Шымкентбайұлы, облыс әкімі Жеңіс Қасымбектің Құттықтау хатын табыстады.

Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжі – 1997 жылы қайта құру нәтижесінде құрылып, құрамына Тәттімбет атындағы Қарағанды музыка училищесі, Қарағанды мәдениет колледжі және Теміртау музыкалық училищесі кірген. Ал, бүгінде өнер колледжіне 70 жыл толса да, 3 оқу орнының әрқайсысының өз тарихы, туған күні бар. Солардың ішіндегі тарихы терең білім ордасы – 1952 жылы шілдеде ашылған Тәттімбет атындағы Қарағанды музыкалық училищесі. Сондықтан да, біртұтас оқу орнының ғұмырнамасы 70 жылдан бері тарих беттеріне қатталды.



Музыкалық училищенің алғашқы директоры Алматы консерваториясының түлегі Қобыланды Нұрбаев болғаны айта кеткен жөн.

– 1937 жылы атам репрессияға ұшырап, әкем Қобыланды Ғалиұлы жетім қалып, Тамбов жаяу әскерлер мектебінің тәрбиеленушісі болған. Алматы мемлекеттік консерваториясының тромбон сыныбын бітірген ол музыкалық училищені ұйымдастыру үшін Қарағандыға жіберіледі. Міне, бүгін сол оқу ордасы 70-ке толып отыр. Мен де осында білім алғанмын. Ел мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан білім ордасы ұжымы мерейтоймен құттықтаймын, – деді Орлан Қобыландыұлы.

Білім ордасында кәсіби ұстаздар сабақ берді. Алғашқылар қатарында А.Варламов, Р.Рихтер, В.Хаджиев, М.Айтқалиев, В.Корн, А.Дукарт, Е.Майер, А.Кнауф, А.Шварц, В.Петлюк болса, кейінірек бұл қатарға В.Ковалев, М.Мағзұмов, Н.Дмитриенко, В.Цветков, В.Холопай сынды білікті оқытушылар қосылған.

Колледжде әр жылдары өз ісінің шеберлері, белгілі тұлғалар В.Эпельбейм, Т.Токтаров, А.Достемесов, М.Хайруллин, Е.Казмин, Ж.Сайфуллин, Б.Байсағатов, Т.Айтқалиев, А.Шоқанбаев,

Р.Киманова, М.Адамбеков, С.Мұсайын директорлық қызмет атқарып, жемісті еңбек етті. Қазіргі басшысы – Мәдениет саласының үздігі Бауыржан Ермұхамбетов.

– Өнер ордасының негізін – тағдыр жазуымен Қазақстанға келген бірсыпыра шетел азаматы қалады. Қазір Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – Жаксыгелді Кемалов, Әбуғалисын Шоқанбаев сынды ұстаздарымыз қызмет атқаруда. Студенттеріміз республикалық, халықаралық конкурстардың лауреаттары, орданың мерейін асырып жатыр. Бүгінде колледжде «Кітапхана ісі», «Әлеуметтік-мәдени қызмет», «Аспаптық орындау», «Хорды дирижерлау», «Музыка теориясы», «Вокалдық өнер», «Хореографиялық өнер», «Актёрлік өнер», «Халықтық көркем шығармашылық» сынды 9 мамандық бойынша 600-ден астам шокірт білім алууда. Биыл 70 жылдыққа орай облыс көлемінде 5 концерт берілді. Конференциялар, семинарлар ұйымдастырылды. Бүгінгі гала-концерт соңғы, қорытынды концерт, – дейді Бауыржан Ермұхамбетұлы.

Тарихы тереңде жатқан білім ордасынан қаншама түлек білім алды. Атап

айтсақ, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Д.Қасейінов, Қазақстанның Халық әртісі Х.Қалиламбекова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ж.Баспақова, Академиялық музыкалық комедия театрының директоры А.Ибраев, Мәдениет қайраткері Е.Филинкова сынды дүлдүлдер бар.

Концертте елімізге және шет елдерге белгілі халықаралық, республикалық байқаулардың лауреаты атанған түлектер және қазіргі уақытта білім алып жатқан студенттер өнер көрсетті.

Сондай-ақ, Дүйсен Құрабайұлы сөз сөйлеп, естелік сыйлық табыстады және өз атынан үздік домбырашы мен үздік скрипкашы екі студентке арнайы стипендия тағайындады.

Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Бекболат Байсағатов және Мәдениет қайраткері Рахила Киманова сөз сөйлеп, жүрекжарды лебізін жеткізді.

Колледждің 70 жылдық мерейтойына орай білім ордасының ардагер-педагогтеріне мерейтойлық медаль табыстады. Мерекелік концерт Марат Сүтпошевтің әні мен колледж студенттері Майда Жұмашқызы және Айдын Еренғайыповтың сөзіне жазылған колледж гимнін шырқаумен мәреге жетті.

● ӨЗЕКТІ

«Бұрынғы әйел» болғанмен, «бұрынғы бала» болмайды

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Таңды таңға ұрып жырланса, алименттің жыры жырлансын. Облыстағы 20 мыңға жуық әке 25 мыңға тарта балаға алимент төлемей қашып жүр деп, отыра қалып жыласақ та, борышкер әкелердің санасына ғайыптан-ғайып сәуле түспесе, жағдайдың өздігінен түзелмейтіні анық. Ал, жағдай алда-жалда түзеле қалады деп өз-өзімізді сендіргіміз келгенімен, мұндай ғажайып ертегіде ғана болатыны тағы бар. Осыдан соң «бала анасы мен сот орындаушыларына ғана керек екен» деген ой еріксіз жылт ете қалады. Сөбебі, әкениң бала алдыдағы қарызын өндіріп алу үшін биылдың өзінде 15 бос орындар жәрмеңкесінде сот орындаушыларының араласуымен небары 16 борышкер әке жұмысқа орналса, екі мыңға тарта әкениң жұмысқа тұрғысы жоқ, қалғандары – жұмысы болса да төлеуден жалтарып жүргендер.



➔ 4-бетте

Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5848,50	5919,00
		12 ай	11697,00	11838,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	6 ай	3100,50	3111,00
		12 ай	6202,00	6222,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



● РЕСМИ

Бюджетке 47 млрд теңге қайтарылды

Мемлекеттік кірістер департаменті қызметкерлері 9 айдың қорытындысын шығарып, есеп берді. 9 айдың нәтижесі бойынша ірі бизнес өкілдері бюджетке 47 млрд теңге қайтарған. Алқа мәжілісінің жұмысына облыс әкімі Жәніс Қасымбек арнайы қатысты.

Мемлекеттік бюджетке едәуір сома берешек кәсіпорындар саны салық төлеушілерді тексеру кезінде анықталған. Есепті кезеңде департамент қызметкерлері айналымнан 32 мың литрден астам алкоголь өнімін, 7 мыңға жуық темекі өнімін алған. Лицензияның жоқтығына байланысты 14 әкімшілік хаттама толтырылып, темекі өнімдерін сатқандарға 460 мың теңгеге айыппұл салынды.

– 9 ай ішінде бюджет 100%-ға орындалды. «Қазакмыс» компаниясы Ұлытау облысының құрамына өткеніне қарамастан, барлық бекітілген жоспар орындалды. Сонымен қатар, жұртшылыққа салық салудың мәселелерін түсіндіру жұмыстары бойынша ауқымды шаралар өткізудеміз. Мемлекеттік кіріс органдарына 50-ден астам сұрақ түріне жауап беретін брошюралар таратылды, – деді Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Әнуар Мәдиев.

Өз тілшімізден

● ҚАРТТАР – ҚАЗЫНАМЫЗ

«Белсенді ұзақ өмір» орталығы ашылды

Енді зейнеткерлер үй маңайында жүріп-ақ бос уақыттарын қызықты өткізе алады. «Белсенді ұзақ өмір» орталығының ашылу салтанатына 50-ге жуық тұрғын келген. Олардың 20-сы түрлі үйірмелерге жазылып үлгерді.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Филиал қызметкерлері қазақ және ағылшын тілдерін дәріс береді. Сондай-ақ, би, халық аспаптары үйірмелері бар. Тілек білдірушілер компьютерлік сауаттылық, скандинавиялық сәруендеу курстарына да жазыла алады. Үстел ойындары — әңгіме-дүкен құрып, сергуге таптырмас мүмкіндік.

– Біз егде адамдардың жалғыздықты болмауын көздейміз. Олардың қоғам өміріне белсенді қатысуы маңызды. Күнделікті көркем тіршіліктің әр адамға айтарлықтай пайдасы бар. Үйірмелерге қабылдау басталды. Топтар жасақталған соң, дәрістер легі өтеді. Мақсатымыз — қаламыздың қарттары есік ашып, бойын жазатын заманауи орталық болуы, – дейді қалалық ұзақ өмір сүру орталығы директорының орынбасары Бекен Уахитов.

Қазірдің өзінде тұнғыш ашылған орталық қосынында 500-ге жуық адам тіркелген. 200-і — сабақты қалт жібермейтін үлгілілер. Зейнеткерлер арасында тілдік секциялар мен спорт үйірмелері ерекше сұранысқа ие. Өзге этнос өкілдері қазақ тілін үйреніп, домбыра шертуге құштар. Осындай орталықтар Майкұдық пен Пришахтинскіде де жұмыс істейді.

Сұрыптау кентіндегі орталық Мөметова көшесіндегі Теміржолшылар мәдениет үйінде орналасқан.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Автокөліктер табысталды

Ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне орай, облыс әкімі Жәніс ҚАСЫМБЕК аймақ ветеринарларына автокөлік табыстады. Chevrolet Cobalt және Chevrolet Nexia маркалы 19 автокөлік 7 аудан мен 2 қаланың ветеринарлық станцияларына жол тартты.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс басшысы ветеринар мамандардың атқарып отырған жұмыстарының маңызы өте зор, алдағы уақытта да жан-жақты қолдау көрсетілетіндігін айтып, аталмыш саланың басты назарда екендігін жеткізді.

– Облыстық бюджеттен ветеринарларды қолдау бойынша қажетті қаржыландыру бөлінді. Бүгінгі таңда 672 қызметкердің жалақысы 50%-ға өсті. Біз алдымызға сіздердің



кәсіби қызметтеріңіз үшін қажетті еңбек жағдайларын қамтамасыз ету міндетін қойып отырмыз, – деді Қарағанды облысының әкімі Жәніс Қасымбек.

– Қолдағы малдың саулығы ол отбасының ғана емес, бүкіл халық саулығының негізі. «Ауру – астан» дегендей, адам денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі халық күнделікті тұтынатын мал өнімдерінің сапасына тікелей байланысты. Ветеринар мамандар осы саланың ақсамауына, қауіпті ауру түрлерінің тарамуына, мал өнімдерінің таза болуына күнделік-

ті жұмыс жүргізеді. Облыс әкімінің қолдауымен былтырғы жылы бюджеттен қосымша 300 млн теңге қаражат бөлініп, ветеринар мамандардың еңбекақысы 50%-ға өсті. Ауру ошақтарын дер кезінде анықтау, түрлі сынақтар алу мен оларды жеткізу шараларын оперативтік тұрғыда ұйымдастыруда автокөліктің пайдасы зор. «Медицина адам-

ды емдесе, ветеринария бүкіл адамзатты емдейді» деген академик К.Скрябиннің қанатты сөзін әрқашан да жадымызда ұстауға тиіспіз, – дейді облыстық ветеринария басқармасының басшысы Қайырбек Тұрсынбеков.

2013 жылдан кейін беріліп тұрған қызметтік көлік – жүрдек әрі шығыны аз. Көліктің қатары алдағы уақытта жол талғамайтын НИВА автокөліктерімен толықпақ.

● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Бизнесті қорғаудың қолайлы жүйесі

Қарағанды облысының әкімі Жәніс Қасымбек өңірдің бизнес-қауымдастық өкілдерімен кездесті. Жүздесу облыс әкімдігі мен өңірлік кәсіпкерлер палатасының ұйытқы болуымен ұйымдастырылды. Жиналған «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы төрағасы Райымбек Баталов, облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Нұрлан Әлімжанов, прокуратура, әкімдік, құқық қорғау және қадағалау органдары, салалық қауымдастық өкілдері, кәсіпкерлер қатысты.



Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2022 жылғы 19 мамырда кәсіпкерлермен кездесу барысында Мемлекет басшысы бұл сала тұрғысында бірқатар тапсырмалар берген еді. Енді Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлікті қорғаудың экономайстерлік құру жобасын пысықтауда. Нәтижесінде алдымен отандық кәсіпкерлер құқығын бұзу жайттарын мемлекеттік реттеу тәртібі қалыптасады. Бұл орайда қажетсіз әкімшілік кедергілерді азайтуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу көзделген. Өңірлік кәсіпкерлік палатасының директоры Ернар Күлпейісов модератор ретінде қатысушыларға еркін микрофон форматын ұсынып, сөзге қонақ берді.

Алғашқылардың бірі болып «СапаЖолСтрой» ЖШС директоры Жандос Шоқшин сөз алды. Бүгінде құрылыс материалдарының бағасы мезет сайын қымбаттауда. Құрылыс көңіл күйін атша тұлға нарық бұзып тұр. Енді қайтпек керек. Кәсіпкер құрылыс кезінде күтпеген шығындардың 6%-ын сот арқылы өндіріп алу туралы

мәселені алға тартты.

Бизнес – бәсеке атаулының қайнаған қара қазаны. Оның сорпа-суында «көлеңкелі» көбік қалқып-ақ тұр. Білім беру нарығында мемлекеттік және мектепке дейінгі жекеменшік ұйымдармен қатар, ресми тіркелмеген балалар орталықтары бар. Мұндай ұйымдардың қызметі қаншалықты сапалы, қаншалықты шынайы. Сұрақты көлденең қойған «Ғасыр ұрпақтары» ЖШС директоры Гүлнар Сейсембекова бұл тарапта бақылау күшейсе екен деген ниет білдірді.

Кәсіпкер Сергей Филатов экологиялық кодексе шеңберінде қоғамдық тыңдаулар өткізу талаптарына күмән келтірді. Пайымдауынша, әр іс бойынша тыңдалым өткізе беру – мәнісіз. Нәтижесі де – олық. Бірінен-бірі аумайтын мұндай таптыруын кездесулер көсеге көгертпейді.

Логистика, инфрақұрылым бағыттарына да бағдар қажет. Мұнда қордаланған мәселелер кезегін күтуде. Бұл тақырыпта ұтымды ұсыныстарын «Эгофом» ЖШС директоры Елена Барановская, «Қарташ» ЖШС директорының орынбасары Дмитрий Сураев, пен «Еуразиян Фудс» АҚ Басқарма төрағасының

орынбасары Зайнулла Ибрагимов ортаға тастады.

Кәсіпкерлер сұрақтары түрлі салаларды қамтыды. Бизнесті қорғау, мемлекеттік сағып алу, салық салу, газдандыру сынды салаларда майшаммен үйлелік мәселелер әлі де жетерлік. Олардың барлығы дерлік арнайы хаттамаға енгізілді. Кеңесте мемлекеттік органдар мен компаниялар өкілдері сауалдардың кейбіріне диалог барысында түсініктеме берді. Райымбек Баталов отырыс барысында кәсіпкерлер мұң-мұқтажы әр өңірде ұқсас болғанымен, оның шешімі жүйелі бірлескен жұмысты талап ететіндігіне назар аударды.

Жәніс Махмұдұлы тиісті сала жетекшілеріне әр өтіншіке мұқиятталдау жүргізуді тапсырды. Кей мәселелерді жеке бақылауына алды. Кәсіпкерлерге де үн қатты.

– Мемлекет көмегіне жұмыс иілікті әрі үлгілі жандар сенім арта алады, – деп қадап айтты. Президент тапсырмасы негізінде аталған кеңес тоқсан сайынғы негізде өтіп, кезекті қордаланған сұрақтар қолға алынады. Шешімін табады деп сендірді.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

● ҚУАТТЫ ӨҢІРЛЕР – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

Демографиялық дисбалансқа, аймақтардың арасындағы тепе-теңдікке ден қойған ұлттық жобаның, ұғынғанға ұлт үшін мәні аса зор. Ұлтқа қатысты осындай ұлы мақсатты көздеген «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» жобаның іске асу мерзімі 2025 жылға дейін. Жоба мемлекет тарапынан оңтүстіктен солтүстікке тұрғындардың өз қалауымен көшіп келуіне жағдай жасайды. Яғни, түсінікті тілмен айтқанда, солтүстікке, орталыққа келемін деушілерді қол қусырып, көшіріп әкелуге сақайдай сай. Олардың үйі дайын, жұмысы әзір. Мамандығы жоқ болса, оны оқытуға тағы мүмкіндік бар. Бұдан бөлек, көші-қонының шығыны өтеледі. Әр отбасының жан басына 70 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қотермеақы төленеді. Қарағанды облысы 2020 жылдан бері көшіп келушілерді қабылдайтын өңір қатарына кірді. Ал, қай аймақтағы ағайын Қарағандыға қарай ат арытуға әзір? Қарағанды Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстарынан, сондай-ақ, Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан қалаларынан келемін дегендерге құшағын жайып отыр. Бұл әншейін әдеттегі көші-қон емес. Оның астарында ертеңгі күнімізге қам жеген саясат бар, білгенге...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұра ауданының Қайнар ауылына Шымкенттен көшіп келген отбасына қазіргі таңда ауылдағы «Қайнар» ЖШС арнайы үй салып жатыр. Оған дейін 2 млн. 800 мың теңгеге баспана сатып алып бергенін айтады ауыл әкімі.

Ерлі-зайыпты Бауыржан Шамшидинов пен Мадина Дарбаева маусым айында келіпті. Мәдинаның мамандығы – терапевт-дәрігер. Бүгінде ауылдағы аурухананың бас дәрігері. Жолдасы – Бауыржанды «Қайнар» ЖШС жұмысқа алды. Отбасына аталған серіктестік келген бетте 1 млн. теңге қотерме төлеген, салынып жатқан үй бұйырыса, жаңа жылға дейін бітеді, – дейді Қайнар ауылының әкімі Аза-

мат Садықов.

Мәдина Оразалықызының медицинадағы өтілі 15 жыл екен. Көшіп келуге себептің бірі – денсаулығына орай екенін де айтады.

– Көшіп келуімздің бір себебі денсаулығымға да байланысты. Мүмкін климатты ауыстырсақ, оңалар деген үміт те болды, – дейді Мәдина Оразалықызы. Дегенмен, шырайлы Шымкентіне елегізген көңілі де сыр беріп қалды.

Ал, негізі Нұра қарашаның соңына дейін Алматы облысынан тағы бір отбасыны күтіп отыр. Нұра ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Динара Ерме-



кованың айтуынша, ол отбасында 6 адам бар. Бағдарлама арқылы отбасының әр жанына 70 айлық есептік көрсеткіш көлемінде төлем жасалып, егер отбасы үйді жалдаған болса, оның жалдау ақысы,

коммуналдық қызметке төлемі де өтеледі.

Облыстың өзге аудандары да көш басын бұрған ағайынға барын беруге әзір. Мысалы, бағдарлама арқылы тамыз айында Ақтоғай ау-

данына Алматы қаласынан, Алматы, Жамбыл облыстарынан отбасылар көшіп келді. Олар Айыртас ауылына қоныстанды.

Алматыдан келген Жанат Сәметованың мамандығы – медбике. 10 жыл өтілі бар. Қазір Айыртастың медпунктінде мамандығы бойынша еңбек етеді.

– Өзім Қызылорда облысының тумасымын. Бірақ, Алматыда жұмыс істеймін. Қарағандыны таңдау себебім – ол өзге өңірлерге қарағанда Қызылордаға жақындау. Сондықтан, Павлодар секілді өзге қалаларға бармадым. Айыртасқа келген соң үй, қызмет берді. Бәрі ойдағыдай, – дейді Жанат Сәметова.

Ендігі мәселе – осы келушілердің Арқа жерін жатсынбай, сұдай сіңіп, тастай батып кетуінде. Бұл да ұлттық жобаның жемісін беруге кедергі келтіретін кілттің екенін айтпасақ амал жоқ. Соңына жалғастып, алаңдағандар да іле-шала кері көшіп кететіні жоқ емес. Ондайда бюджеттен шыққан шығынның бәрін өтейді. Мұндағы проблема – қаражатта емес. Тереңірек үңілсек, аталған көштің ұлттық саясаттағы салмағы таразы табағын төңкерердей күшті. Сол гой саналыны алаңдататыны...

Жалпыұлттық социал-демократиялық партия атынан президенттікке үміткер Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлының сайлауалды бағдарламасы

Қазақстан 30 жылдық тәуелсіз дамудан кейін ел дамуын тежейтін бірқатар жүйелі мәселелерге тап болып отыр.

Жемқорлық мемлекетті басқару жүйесінің тиімсіз жұмыс істеуіне әкеп соқтырды.

Ел экономикасы халықтың мұн-мұқтажына мән бермейтін олигархтар не квазимемлекеттік компаниялардың қолында.

Экономиканы әртараптандыруға қаншама күш салынып жатқанымен, шикізатқа қатысты тәуелділік әлі де сақталып келеді. Оған қоса, біз келер ұрпақ игілігі – Ұлттық қордың қаражатын бюджетті толықтыруға және әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруға жұмсауға мәжбүрміз.

Қатардағы қазақстандықтар жыл өткен сайын кедейлене түсуде. Халықтың қалтасын о баста пандемия жұқартса, бүгінгі күні елімізге пост-кеңестік елдердің бірқатарында орын алып жатқан қақтығыстар ықпал етуде – біз мұндай сыртқы сын-тегеурінге дайын болмай қалдық. Азық-түлік бағасының ұдайы өсуі қалыпты жағдайға айналды. Қарапайым халықтың несиеге деген тәуелділігі күн санап күшейіп барады. Еліміздің қазба байлықты танап біткен олигархат енді қарапайым халықтың қалтасына жармасты.

Мүшкіл хәлге ұшыраған халықты құтқаруы тиіс әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайы да мәз емес.

Ауруханалардағы төсек-орын жеткіліксіздігі пандемия кезінде өлім-жітім көрсеткішін еселеп жіберді. Мектептегі орын ташылығы өскелең ұрпақты жарқын болашаққа деген үмітін үзуде. Сапалы білім ала алмаған жастарымыз бәсекеге қабілетсіз болып, сәйкесінше жоғары деңгейде өмір сүре алмайды.

Халқымыз бұл қиын жағдайдан социал-демократия идеясы көмегімен ғана шыға алады деген сенімдеміз.

Біз әлеуметтік тәртіптің түбегейлі қарастырылуына мұқтажбыз.

Бүгінде біз қоғам, бизнес және мемлекетті тепе-теңдік жағдайына қайтаруымыз керек: бұл дегеніміз – азаматтардың қайта пайда табуы, бизнестің олигархат не мемлекеттің қудалауы мен қысымынан қорықпай, адал жұмыс істеп, салық төлеуі. Ірі компаниялардың өз табысын мен мөлшеріне жауапты болуы. Мемлекеттің өз халқы алдында есеп беріп, санасуы.

Біздің ұранымыз – «Еркіндік. Әділдік. Ынтымақ!». Біз әр шешімі азаматтарымыздың игілігіне жұмыс істеп, пайдасына асырылатын әлеуметтік-жауапты тәртіпті орната алатынымызға сенеміз.

САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Жемқорлық мемлекетті күйретеді, адамдар арасындағы сенімділікті азайтады, институттарға деген сенімді жояды. Парақорлықпен күрес кезінде, әсіресе саяси деңгейде, батыл шаралар қолданылмаса, Қазақстан тұрақты даму жолына түсе алмайды деп есептейміз.

Мемлекет пен экономиканы әділ басқаруды қалыптастыру үшін, ең алдымен, саяси жүйемізді өзгертуге тиіспіз.

Биліктің шоғырлануына жол бермес үшін басқару формасына қарай Қазақстан президенттіктен парламенттік-президенттік республикаға айналады.

- Президент жоғары билік монополиясы болуын доғарады және халықаралық жоғары өкілдік қызметтерін атқарып, билік органдары арасындағы теңгерімді қамтамасыз етіп, мемлекет қауіпсіздігіне жауап беріп отырады.

- Сенат таратылады, ал Мәжіліс заң шығаратын жалғыз билік органы болып қалады. Пікірдің бәрін ескеруіміз үшін депутаттар саны арттырылады.

- Үкіметті құру құқығы Мәжіліске беріледі. Президент жай ғана министрлер кабинетінің құрамын бекітеді.

- Мәжіліс құрамының 50%-ы партия тізімі бойынша, ал қалған 50%-ы бір мандаттық округтардан құрылады.

- Жемқорлықтың ең басты тосқауылы ретінде халықтық парламенттік бақылау жасақталады.

Біз басқару формасын реформалаумен қатар сыбайлас жемқорлық жүйесімен қарқынды күрес жұмыстарын жүргізетін боламыз.

- Орталық және жергілікті атқару органдарында барлық деңгейдегі депутаттар мен шенеуніктердің кіріс-шығысы туралы міндетті жария декларация шұғыл түрде енгізіледі. Негізсіз баюға қарсы қылмыстық бап енгізіледі – бұл жемқорлармен нәтижелі күрестің жалғыз қаруы.

- Бюджет процедуралары жетілдіріледі. Әр елді мекенде өзіне тиесілі ашық бюджет жасакталып, нақты уақыт режимінде онлайн негізде мемлекет ақшасының қалай және қайда жұмсалып жатқандығы ашық көрсетіліп отырады.

- Біз БАҚ-қа қолдау көрсетеміз – алдағы уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы тергеу жұмыстары басты журналистік жанрға айналуы тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдарының барлық қызметкерлері парламенттің қорғауында болады, азаматтық қоғам мен депутаттар арасында үздіксіз диалог орнатылады.

- Жемқорлық қылмыс жасағаны үшін мерзімінен бұрын босату құқығынсыз барынша ұзақ мерзімге жазаланатын болады.

ОЛИГАРХИЯЛЫҚ КАПИТАЛИЗМНІҢ ОРНЫНА ХАЛЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА

Қазақстанда бай әрі табысты болудың мызғамас шарттары ешкімге жасарын емес – сенің иелігіңде не банк, не пайдалы қазба орны болуы керек. Мұндай игіліктерді биліктерге – шенеуніктерге, олардың туыстарына не достарына бір табан жақын болған иеленесің.

Корпоративтік, олигархиялық экономика мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Оны басқаратындар балама, қайта өңдеу секторларының дамуына, кәсіпорын қожаларының мықты табының қалыптасуына қызығушылық танытпайды. **Санаулылардың пайдаға кенеліп, миллиондаған адамның кедей күн кешуі – нағыз жұтау.**



- Біз егжей-тегжейлі тексеру жүргізіп, ұрланып, офшорға жасырылғанның бәрін елімізге қайтаруға міндеттіміз. Жобамен есептегеннің өзінде Ұлттық қорымыздың үшеуіне тең келетін әлеует шетелде жатқаны мәлім. Бұл азаматтарымыздың ақшаға шаққандағы болашағы.

- Олигархтар ел экономикасының тірегі болуын тоқтатады. Біз 90-шы жылдардағы жекешелендіруден мол пайдаға кенелген ірі бизнесмендерді IPO өткізіп, орта кәсіпкерлерге активтерін бөліп беруін талап етеміз, олар болса экономикамыздың жаңа буынына айналады. Банкротқа ұшыраса, экономикаға зияны тиіп кететін компаниялар бізге қажет емес.

- Стратегиялық қор мен жер қойнауын бақылау үшін табиғи қазбаларды өндіру және экспорттау мен айналысатын салаларды бірте-бірте мемлекеттендіруге байқау жарияланады. Ұлттық өңдеуші өнеркәсіпке басымдық беріледі.

- Салық саясатын толықтай қайта қарастыруымыз керек. Нарықта ауқымды үлесті иеленіп отырған компаниялар мен конгломераттар ел бюджетіне айтарлықтай көп төлем енгізуде міндеттеледі, осылайша үкіметтік әлеуметтік бағдарламалар қаржыландырылады. Біз олардың есебінен мемлекет қарызын азайтып, Ұлттық қордан ақша жұмсағанды қоюымыз керек.

- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ монополиялық құрылымының орнына мемлекеттік салалық бірнеше холдинг құрылатын болады. Олардың құрамына кіретін мемлекет қатысатын компаниялар барынша ашық жұмыс істейді – азаматтық қоғам мүшелерінің қатысуымен, Парламентпен жасакталатын бақылаушы кеңестер тарапынан жіті бақыланады.

- Біз монополияға қарсы сенімді тосқауыл орнатамыз. Рационалды көлемнен асып түскен кез келген компания Парламенттің назарына ілініп, министрліктегі шенеуніктердің ғана емес, халық алдында есеп береді.

ДАМУҒА БАҒДАРЛАНҒАН ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Қазіргі кезде мемлекеттің әлеуметтік саясаты қазақстандықтарды

айтарлықтай деградацияға ұшыратқанын мойындауға мәжбүрміз. Балалар сапалы білім, ересектер лайықты медициналық қызметті алып жатқан жоқ. Жемқорлар және білім мен біліктің келетін әлеует шетелде жатқаны мәлім. Бұл азаматтарымыздың ақшаға шаққандағы болашағын, аға-буынның уақытын ұрлады. Қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығы қысқарып барады, басқа елдер емін тауып жеңген ауру-індеттер біздің ер-ейелдерімізді қырып жатыр.

Адам – біздің саясатымыздың басты назарында. Біз түрлі деңгейдегі әлеуметтік қолдаудың желісін құруға ниеттіміз. Біздің әлеуметтік саясатымыз адамдардың табысын арттырып, дәулетті таптарға көтерілуіне көмектесіп, күтпеген жағдайлар туындаған кезде кедейлікке түсірмеумен айқындалады.

- Біз қазақстандықтардың өмір сапасының стандартын енгіземіз. Онда адамның дұрыс тамақтануы, киім, дәрі-дәрмек, коммуналдық қызметтер, ақпарат, демалысқа қатысты қажеттіліктері ескеріледі. Зерттеу барысында анықталған азаматтардың әрбір жеке тобы үшін негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша арнайы бағдарламалар әзірленетін болады.

- Медицина және білім беру саласы бюджеттен қаржыландырылады. Әр салаға жылына ЖІӨ-нің ең кемі 5-7%-ы бөлінуі керек. Мұндай шара инфрақұрылым, жабдықты кезең-кезеңмен жаңартып отыруға, дәрігерлер мен мұғалімдер еңбекқабасының банк қызметкерлері деңгейіне дейін көтеруге мүмкіндік береді. Бұл мамандар біздің экономикамыздағы адами капиталдың сапасына жауап береді. Дәрігерлер мен мұғалімдерге басты назар аударылатын болады, әрі қоғамның басымдыққа ие бөлігіне айналады.

- Біз кім, қандай коммерциялық пайда көргісі келетініне қарамастан, азаматтарға қажет мектеп пен ауруханалар санын арттыратын боламыз. Бұл дәл қазір қажет саналатын ұзақ мерзімді инвестиция.

- Біз тұрғын үй бағдарламаларын толықтай қайта қарастырамыз. Қазіргі кезде бағдарламалар құрылыс салушылардың мүддесіне әрі қалтасына жұмыс істеуде. Бұл жағдай тұрғын үйдің қымбаттауы мен әр бос телімге

үй салу ниетіне соқтырып жатыр. Қолжетімді ипотекаларды субсидиялау жалғастырылады, бірақ шарты өзгереді: жергілікті бюджеттер көмегімен әрі жергілікті мәслихаттың қадағалауымен іске асырылады.

- Қауіпсіздік жүйесі жаңа стандарттар бойынша жұмыс істейтін болады: полиция қызметі толығымен реформаланып, бұдан былай қылмыстың алдын алу үшін жұмыс істейтін болады. Біз тұрмыстық зорлық-зомбылықты жоюмыз, ұсақ есірткі курьерлерін қуалауды доғарып, ірі есірткі сатушыларды аңдып, ізін кесеміз, полиция кадрларын жаңартамыз.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

Соңғы жылдары еліміздің халықаралық қатынастары ішкі саясатпен қатар өзекті болып отыр. Соғыстар мен қақтығыстар біздің Еуразияда ынтымақтастық туралы ойымызды толығымен өзгертті. Азаматтарымыз сыртқы жағдай салдарынан зардап шекпеуі керек.

Қазақстан агрессивті әскери блоктарға қатыспайтын, қолдамайтын мемлекет ретінде берік позициясын сақтауы керек. Ядролық қарусыздану мен демилитаризацияға ықпал ететін, халықаралық терроризм мен есірткі трафикине қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыратын, қарудың заңсыз саудасы мен зансыз көші-қонға бақылауды қамтамасыз ететін бағдарламаларды әзірлеуді және қолдауды жақтауға тиіс.

Біз еліміздің интеграциялық процестерге қатысуын қайта қарауға және басқа мемлекеттер біздің есебінен байып, адал емес бәсекелестікке үкіметімізге зиян келтіруге тырысқан жағдайда қатаң ойын ережелерін орнатуға ниеттіміз. Біздің позициямыз – стратегиялық салалардағы қалыпты протекционизмді ұстану.

Қазақстан әлемдік процестің бейтарап қатысушысы болып қала береді. Бізде әлемдік гегемония құру және мықты держава болу деген мақсат жоқ. Бұл қымбатқа түсетін шаруа әрі прагматикалық Қазақстан үшін кері әсерін тигізетін процесс.

Социал-демократия бағыты Қазақстанға елде тәртіп орнату және мемлекеттің назарын халыққа аударту үшін қажет. Қатардағы қазақстандықтар қайғы-қасірет, қиындықтан қорғалуы керек, әсіресе бұл жағдайға өздері емес, олигархтар мен шетелдік саясаткерлер кінәлі болса.

Біз ынтымақтастық, әділеттілік және еркіндік арқылы қайшылықтар мен жүйелі мәселелерді жеңе аламыз деген сенімдеміз.

ХАЛЫҚ БИЛІГІ МЕН ЕРКІН ҚОҒАМ ҮШІН!

Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткер Н.С.Әуесбаевтың сайлауалды штабымен әзірленді.

Тапсырыс беруші: Н.С.Ауесбаев Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткер Н.С.Әуесбаевтың сайлау қорының қаржысынан төленді.

Даңғыл жолға бастайтын қадам

Бұл сайлау – саяси жаңғырудың алғышарты. Кез келген жаңғыру жаңалықтың жарышы. Мемлекет пен ұлт қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза секілді. Болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра отырып, елдің әлеуметтік әлеуетінің артуына жағдай жасау қажет.



Мемлекет тарапынан қабылданған қандай да бір бағдарлама, бастама болсын халық оның игілігі мен нәтижесін көруі тиіс деп ойлаймын.

Соған сай оның даму бағыты, озық тәжірибесі мен кемшін тұстары анықталады. Ұлттың өркендетті озық болуы оның жерінің кеңдігі, табиғи байлықтарының молдығы, халқының көптігімен өлшенбейді.

Сәйкесінше, адамдардың бәсекеге қабілеттілігімен, білімі мен мәдениетімен, саулығымен, еңбекқорлығымен айқындалады. Бұл сайлау осындай өнегелі үрдістерге серпін береді деген үмітім зор. «Ел боламын десең, бесіңді түзе» дейді. Біз іргелі ел ретінде іргемізді бекемдеуіміздің басты шарты ұрпағымызға дұрыс тәрбие беру. Егемен елдің болашағы жастарға мемлекет тарапынан зор қолдау таныту, олардың тәрбиелі, еркін ойлы, жетік білімі мен қатар, әлеуметтік әлеуетін арттыру секілді басымы бағыттар қоғамның күн тәртібіне шығып тұр.

Өріне бұған біздің ой-өрісімізбен бірге қарым-қабілетіміз, материалдық тұрғыда да қабілетіміз жетеді. Бұл сайлаудан кейін осы бір мәселелерге одан әрі ден қойылса, нақты жоспарлар жасалып, нәтижелі жұмыстар жүзеге асса дұрыс болар еді.

Бұл сайлау кезіндегі айтылған міндеттердің шын мәнінде жүзеге асқандығының көрінісі деп білер едім. Әрі халықтың да сайлауға деген көзқарасы өзгеріп, елдің болашақ бәшпесына деген құрметі арта түсері анық.

Сондықтан, 20 қарашаға белгіленген Президент сайлауынан қалыс қалмай, жарқын болашақ үшін дауыс беру – әрқайсымыздың азаматтық парызымыз. Бір кісідей дауыс беріп, ұрпағымыздың ертені, Отанымыздың берекелі тірлігі үшін таңдау жасайық!

Разақ ӘЛИН,
Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы,
«Құрмет» орденінің иегері

Алдағы Президент сайлауына дайындық Теміртауда да қызу жүргізілуде. Қаладағы сайлау комиссияларын қалыптастыру кезеңі толық аяқталған. Сайлау комиссиясы мүшелері де оқудан өтіп, арнайы сертификаттар алды.

Салтанат ІЛНИШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қоғамдық бірлестіктер ұсынған кандидаттар үшін қол қою парактарының кезеңі сәтті өтті. Үміткерлердің сенімді өкілдері қолтаңбаларды жинады. Заңға сәйкес, әр кандидат сайлаушыларының жалпы санының кемінде бір пайыз дауысымен қолдау табуы тиіс болған еді, – деп атап өтті Теміртау сайлау комиссиясының төрағасы Наталья Шевченко.

21 қазаннан уәжаскелік сайлау комиссиялары жұмыстарын жүргізуде. Ондағы басым бағыттардың бірі – сайлаушылар тізімін тексеру, шақыруларды жеткізу болмақ. Ерекше қажеттіліктері бар адамдармен жұмыс істеуге айрықша көңіл бөлінді.

Сайлауалды дайындық – белсенді

– Мемлекеттік мекеме белгілі бір себептерге байланысты дауыс беруге келе алмайтын адамдардың тізімін береді. Комиссия мұндай адамдарға шақырту қағаздарын жібермейді. Олар өздері өтініш жазып, телефон арқылы мекенжайын айта алады, Ал, біз оны өзімізге белгілеп алуымыз керек. Сайлау күні мұндай тұрғындар үшін үйде дауыс беруді ұйымдастырамыз, – деді Н.Шевченко.

Теміртауда 159 сайлау учаскесі тіркелгенін айту керек. Олардың екеуі жабық сайлау учаскелері, бірі – орталық аурухана болса, екіншісі 5516 әскери бөлімі. **ТЕМІРТАУ**





● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жүргізушілер көлігін қысқа қамдаймыз деп зыр қағып жүр. Автобазар мен шиномонтаждың дәл қазір саудасы да, жұмысы да қызып тұр. Алғашқы қар алдыңғы аптаның басында түссе де, күн ұзамай еріп кеткеннен болар, кейбір көлік иелері бұл жұмысын кейінге шегерсе керек. Күні кеше қар жауып, көктайпақ болып еді, дөңгелек ауыстырып үлгермегені ұшынды дерсіз. Облыстық полиция департаменті бір тәулікте 50-ден аса жол-көлік оқиғасы тіркелгенін мәлім етті. Салғырттық сан соқтырды деген — осы...

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Мұндай уақытта жаяу жүргіншіге де мейлінше сақ болған абзал. Апақ-сапақ уақытта 17 жастағы жаяу жүргіншіні «Лада Веста» көлігінің жүргізушісі сырғып барып, қағыпты. Университет көшесінде. Көлік құрғырыңыз да бағынбай кетеді емес пе мұндай сәтте. Жәбірленуші түрлі дене жарақатымен ауруханаға жеткізілген. «Қарағанды-Қарқаралы» тас жолында екі жол-көлік оқиғасы араға көп уақыт оздырмай орын алған. Тас жолдың 195-інші шақырымында «Равон Нексия» көлігі тайғанақтап барып, қарсы беттегі «КамАЗ» жүк көлігіне соқтығысқан. Жеңіл көлігінің жүргізушісі сырғып барып, қағыпты. Университет көшесінде. Көлік құрғырыңыз да бағынбай кетеді емес пе мұндай сәтте. Жәбірленуші түрлі дене жарақатымен ауруханаға жеткізілген. «Қарағанды-Қарқаралы» тас жолында екі жол-көлік оқиғасы араға көп уақыт оздырмай орын алған. Тас жолдың 195-інші шақырымында «Равон Нексия» көлігі тайғанақтап барып, қарсы беттегі «КамАЗ» жүк көлігіне соқтығысқан. Жеңіл көлігінің жүргізушісі сырғып барып, қағыпты. Университет көшесінде. Көлік құрғырыңыз да бағынбай кетеді емес пе мұндай сәтте. Жәбірленуші түрлі дене жарақатымен ауруханаға жеткізілген. «Қарағанды-Қарқаралы» тас жолында екі жол-көлік оқиғасы араға көп уақыт оздырмай орын алған.

Мұндай уақытта жаяу жүргіншіге де мейлінше сақ болған абзал. Апақ-сапақ уақытта 17 жастағы жаяу жүргіншіні «Лада Веста» көлігінің жүргізушісі сырғып барып, қағыпты. Университет көшесінде. Көлік құрғырыңыз да бағынбай кетеді емес пе мұндай сәтте. Жәбірленуші түрлі дене жарақатымен ауруханаға жеткізілген. «Қарағанды-Қарқаралы» тас жолында екі жол-көлік оқиғасы араға көп уақыт оздырмай орын алған. Тас жолдың 195-інші шақырымында «Равон Нексия» көлігі тайғанақтап барып, қарсы беттегі «КамАЗ» жүк көлігіне соқтығысқан. Жеңіл көлігінің жүргізушісі сырғып барып, қағыпты. Университет көшесінде. Көлік құрғырыңыз да бағынбай кетеді емес пе мұндай сәтте. Жәбірленуші түрлі дене жарақатымен ауруханаға жеткізілген. «Қарағанды-Қарқаралы» тас жолында екі жол-көлік оқиғасы араға көп уақыт оздырмай орын алған. Тас жолдың 195-інші шақырымында «Равон Нексия» көлігі тайғанақтап барып, қарсы беттегі «КамАЗ» жүк көлігіне соқтығысқан. Жеңіл көлігінің жүргізушісі сырғып барып, қағыпты. Университет көшесінде. Көлік құрғырыңыз да бағынбай кетеді емес пе мұндай сәтте. Жәбірленуші түрлі дене жарақатымен ауруханаға жеткізілген. «Қарағанды-Қарқаралы» тас жолында екі жол-көлік оқиғасы араға көп уақыт оздырмай орын алған.

Күні кеше ашық дерек қосынды байқап қалдық, OLX бағдарламасындағы сервистерге сараптама жасалыпты. Жана доңғалақтың құны 25 пайызға өскенін, дөңгелек ауыстыратын шиномонтаж қызметінің бағасы 12 пайызға қымбаттағанын алға тартады әлгілер. Кезбен көріп, көңілмен түйгеніміз мейлінше оң болар деп,

Шина бағасы шарықтап тұр



«Қыста жазғы шинамен жүргендер Қазақстан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 590-бабы, 5-бөлігі (Көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу) бойынша 5 АЕК (15 900 теңге) көлемінде айыппұл төлейді».

автобазардың доңғалақ сатын бөлігін аралап шықтық. Құр араламай, жүргізушілердің назына да құлақ түрген едік. — Былтыр ғана «Патриот» көлігіме қысқа доңғалақтың төртеуін 120 мыңға алған едік. Ауылдық жерде тұратын болған соң, тау мен таста жиі жүреміз. Алған доңғалақты бір қыс қана пайдаланамыз, — дейді Бүркіт есімді жүргізуші. — Былтырғы белорустық шинаны тағы да алдым. Бұл жолы төртеуіне 160 мың теңге төледім. Сонда ақшаңызда күн болмай бара жатыр.

Ал, Асхат есімді жүргізуші R18

«Біздің шарықтап бара жатқан бағаға деген үркінімізді бір үміт жеңеді. Іргеміздегі Саран қаласында шина зауыты сапалы дөңгелек шығарса, шет елдің өнімін өгейсініп қалармыз деген».

өлшемі бойынша дөңгелек іздеп жүр екен.

— Мен іздеп жүрген дөңгелектің бағасы екі есе өсіпті. Алдыңғы жылы 22 мыңға алған едік, биыл кемі 45 мың теңге сұрап тұр. Жарайды, бізде тәубе, ақша бар. Ал, қарапайым жүргізушілер қалай алуы керек? Көлігін несиеге алса, оның дөңгелегін де қарызға батып, бөліп төлеуі

керек пе? Бағаға шектеу қоятын ешкім жоқ па? — деп басын шайқайды...

Біз де бағаның не себепті аспандап кеткенін саудагерлерден білмек болып едік, ашылып айта қоймады. Ашынып жүрген тек сатып алушылар ғана. «Фирмадан осылай келеді. Біз тек тиын ғана қосамыз» деген қысқаша жауап қайырады. Қазір шиномонтаждағылардың да мұрын сіңбіруге мүмкіндігі жоқ. Тіпті, тәулік бойы жұмыс істеп жатқандары бар. «2Гис» құрылысы Қазақстанда 233 шиномонтаждың барын көрсетеді. Аталған сервиске өздерін тіркемейтіндері де баршылық емес пе? Болжам бойынша 300-ден асып жығылады. Тәттімбет көшесіндегі шиномонтаждың біріне соғып, Ернұр есімді еңбек адамымен жағаласа жүріп, жұмыс қызы түсетін екі ғана мезгіл бар. Сол себепті, күнітүні жұмыс істеуге тура келеді. Іә, жүргізушілердің бағаға байланысты реніш білдіретін жөні бар. Былтырғыдан қымбаттады сол. Биыл 4 дөңгелекті 6 мың теңгеге ауыстырып береміз. Тіпті, 8 мың, 10 мыңға дейін ауыстыратын шиномонтаждар бар. Біз тек, бұл ақшаға ауыстыра салмаймыз, баллонды арнайы аппаратпен теңестіреміз. Күні-түні тоғмыз айналамыз. Онымен қоса, ұзын-сонар кезекке тұрған көліктің бөріне қызмет көрсету керектігі. Еселі еңбекті ескерген де жөн, — дейді Ернұр. Қарап отырсақ, Астанадағы на-

рықпен теңесіп қалыпты біздікі де...

Біздің шарықтап бара жатқан бағаға деген үркінімізді бір үміт жеңеді. Іргеміздегі Саран қаласында шина зауыты сапалы дөңгелек шығарса, шетелдің өнімін өгейсініп қалармыз деген. Өндіріс ошағының жылына 3 млн. жеңіл көліктің дөңгелегін өндіреміз деген жоспары о бастан бар. Шина өзімізден шығатындықтан, баға да қалта көтеретіндей болса игі еді...

Ал, әзірге амалдың жоқтығы бағасына бұртылып қарап отырудың қажеті шамалы екенін ұғындырады. Қарағандының полиция департаменті әлі де қатты ескертеді. «Ауа райы тез құбылатындықтан, шина ауыстыруды кейінге шегермеген жөн» дейді.

— Кеден одағының 018/2011 «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті бойынша қысқа шина салынбаған көлікті басқаруға тыйым салынады. Қыста жазғы шинамен жүргендер Қазақстан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 590-бабы, 5-бөлігі (Көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу) бойынша 5 АЕК (15 900 теңге) көлемінде айыппұл төлейді. Сондықтан, сақтыққа қорлық жоқ. Осыны қатты ескерсеңіздер, — дейді облыстық полиция департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі Бақытжан Құдияров. Сөз түйіні, жолда көңіліңіз алаң болмас үшін, көлігіңізге бүрі бар дөңгелек салып алғаныңыз абзал. Жолыңыз болсын, жолашушы!

«Бұрынғы әйел» болғанмен, «бұрынғы бала» болмайды

(Соңы. Басы 1-бетте)

«ЖАЛҒЫЗБАСТЫ АНАЛАР ЕЛІ»

Егер жағдай осы қалпы жалғаса берсе, «жалғызбасты аналар еліне» айналып шыға келуіміз көзді ашып-жұманша. Оның үстіне, статистикалық деректер де жыл сайын шаңырағы көтерілмей жатып, ортасына түсетін отбасылар саны артып келе жатқанын мензейді.

Елімізде қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес, үш айдан артық алимент төлемеген әке алты жүз сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тартылады, не екі жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Бірақ, бірқатар борышкерлер баласы барын ұмытып кететіні өз алдына, қарызына байланысты өзіне іздеу жарияланғаны да білмейтін көрінеді. Оған жұмысына немқұрайлы қарайтын жеке сот орындаушыларының да бар екенін қосынды. Мысалы, теміртаулық борышкер екенін қарызы бола тұра сот орындаушысы заң бойынша міндетті болса да шетелге шығуға шектеу қоймаған. Ал, 1,5 млн. теңге берешекті өндіріп алуға іштел асып кеткен әкені ешкімнің іздейтіні анық.

— Алимент өндірушілерді іздеуге келетін болсақ, бұл институт толық жұмыс істемейді. Тіпті, қарызы бар-

лар сот орындаушыларынан жасырынбайды және өздерінің іздеуде екенін білмейтіндер де бар, — дейді Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы аудан прокурорының орынбасары Қажымұрат Мұратов.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК

«Уақытылы алимент алмаған бала құқығын тек сот орындаушылары ғана емес, қоғам болып қолға алып, қорғау керек» дейді облыстық прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау басқармасының бастығы Бекзат Ахметов. Яғни, бүкіл мемлекеттік аппарат пен бизнес қоғамдастық көмелетке толмағандардың алдында әлеуметтік жауапкершілік алуы тиіс. Сонда ғана, мәселенің түйіні тарқатылмақ. Мәселен, Қарағанды қаласының «Халықты жұмыспен қамту орталығының» ресми мәліметі бойынша облыс орталығындағы жеке коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдарда екі мыңнан астам бос жұмыс орны бар. Биылғы он айда Абай, Осакаров аудандарында, Қарағанды, Саран, Теміртау және Балқаш қалаларында бос жұмыс орындарының жәрмеңкелері өткен. Жоғарыда айтқанымыздай, жармақ құлағы жастыққа тимеген сот орындаушылары қанша ұмтылса да, небары 16 адам ғана жұмысқа орналасқан екен. Себебі, жеке

ұйымдар мен кәсіпорындар мұндай жәрмеңкелерге қатысып, борышкерлерді жұмысқа қабылдағысы келмейді.

— Көмелетке толмаған балалардың сот тағайындаған алименттерді міндетті түрде ай сайын алу құқығын сақтау мемлекеттік маңызы бар әлеуметтік мәселе болуы тиіс. Оны қамтамасыз етуге барлық мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар борышкерлерді тұрақты негізде жұмысқа орналастыру арқылы қатысуы тиіс. Бірақ, бос жұмыс орындарының жәрмеңкелеріне мемлекеттік кәсіпорындар қатыспайды, — дейді Бекзат Қалқаманұлы.

Сондай-ақ, басқарма бастығы егер жұмыс берушіде бес бос орын болса, олардың екеуіне міндетті түрде алимент бойынша борышкерлер қабылдануы тиіс екенін де айтып отыр. Бұл шаралар борышкерді алимент бойынша жұмысқа орналастырудың емес, көмелетке толмаған балалардың құқығын қорғаудың қазіргі проблемасын шешуге септігін тигізеді.

АТА-АНА ҚҰҚЫҒЫ ЕШҚАЙДА КЕТПЕЙДІ

Бүгінде облыс бойынша алимент берешегі 2 млрд. теңгеге жуық. Бұл бүкіл ел бойынша қарыздың 15%-ын құрайды.

— Соңғы 2 жылдағы статистиканы алсақ, сот орындаушылары өндірісінде балалардың пайдасына алимент өндіріп алу туралы 35 мыңнан астам құжат болған. Одан бөлек, борышкерлердің үштен екісі ғана алимент төлеп, қалғандары мүлдем төлемейді. Мұның себебі тек жұмыссыздық емес. Борышкер әкелер жұмыс берушілермен келісіп, нақты кірісін жасыру арқылы төлеуден қашады, — дейді Қажымұрат Мұратов.

Қажымұрат Серікұлы да борышкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту проблеманы шешпейтінін айтып отыр. Себебі, мұндай борышкерлерден баланың пайдасына өндіріп алатын дүние де жоқ. Мысалы, 2022 жылдың 9 айында 154 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылса, 86 әкеге айыппұл салынып, 68 әке қамауға алынған.

Ал, борышкерлердің ешқайсысы әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғаннан кейін де алимент төлеу бойынша өз міндеттерін орындамайтынын айтады мамандар.

— Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері ажырасқаннан кейін аяқталмайды. «Бұрынғы әйел» деген тіркес бар, бірақ, «бұрынғы бала» деген ұғым болмауы керек, — дейді Қажымұрат Мұратов.

● COVID-19

Дүние жүзін дүр сілкіндірген коронавирус қайта оралды. Күні кеше елімізде 1 адам қайтыс болып, індет жұқтырғандар саны күн сайын көбейуде. Қазақ халқы аты жаман талай індеттің ақыретін көріп, қасіретін шексе де, мына індеттің дені басқа, күші жойқын екенін карантин кезінде көрдік. Вирустың отаны Қытайда жағдай ұшықты. Қазақстан да қармаққа ілікті. Қарағандыда эпидемиологиялық жағдай қандай?

Індеттен сақтану — міндет

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalıq Qazaqstan»

Батпандап кірген дерттің шенгелінен құтылу оңай болмай тұр. Халықты қынадай қырған індеттен зәрзап болған ҚХР жаз айында сырттан келетін адамдарға тосқауыл ретінде құрлық көлігін тоқтатса, күздің алғашқы айларында 21 млн. тұрғыны бар Чэнду қаласына қалтаң локдаун енгізді. Үрімші әуежайы күндізгі рейстердің 97%-ын қысқартты. Елде өршіген індет Қытайдың 15 провинциясы мен мегаполистеріне, оның ішінде Бейжің мен Шанхайға әсер етуі мүмкін деген күдік басым. Яғни, елде әлі де алаңдаушылық бар.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша әлемде COVID-19 инфекциясына шалдыққандардың жалпы саны 615 млн.-нан асты. Тәулігіне 171 мыңнан астам адам індет жұқтырған. Ковидтің күзгі толқыны Бельгия мен Нидерландта да байқалады.

— Қауіпті індеттің жылдам жайылуына жол бермеу үшін вакцинация мен тестілеу өте маңызды, — деп атап өтті жергілікті сарапшы мамандар.

Сонымен қатар, коронавирустың омикрон нұсқасы мутациялануда.

— Омикронның BQ.1 деп аталатын жаңа нұсқаларының бірі

Еуропалық одақ пен Еуропалық экономикалық аймақтың кем дегенде бес елінде анықталды. Еуропадағы аурулардың алдын алу және бақылау орталығының мәліметі бойынша BQ.1, сондай-ақ BQ.1.1 деп аталатын әрбір топ бөліктері қарашаның ортасынан желтоқсанның басына дейін өршиді, — деді еуропалық дәрі-дәрмек агенттігінің басшысы Марко Кавалери.

Күз бен қыста тұмау мен ковид вирустары қатар жүруіне байланысты екі вакцинаны қатар әлсіз топтарға егу ұсынылды. Алайда, вирус түрленуде. Бұл алдағы уақытта қолданыстағы вакцинацияның тиімділігін арттыруға тура келетінін көрсетеді.

Коронавируста сенбеу — қауіпті ең үлкені. Елімізде 8 қарашада аталмыш вирустан бір адам қайтыс болды. Дәрігерлер де індет жұқтырғандар санының артып жатқанын айтады. Араға бірнеше ай салып, бәсеңдеген вирус ошағы қайта тұтанған. Бүгінде вирус жұқтырған 50-ге жуық адамның сегізінші жағдайы ауыр, екеуінің жағдайы өте ауыр.

Сонымен қатар коронавирус пневмониясына шалдыққандар саны көп. — Ағымдағы эпидемиялық маусымда Қазақстанда тұмау вирусының А және В екі штамы айналымда жүр. Сәйкесінше, жұқтырғандар саны артқан. Еліміз бойынша ауруға шалдығу көрсеткіші өткен жылдың осы кезеңімен сәйкес. Аурудың алдын алудың ең тиімді тәсілі вакцина алу. Биылғы жылы бюджет қаражатынан Ресейде өндірілген «ГРИППОЛ» вакцинасының 2,3 млн. данасы сатып алынды. Бұл республика халқының 12%-ын қамтуға мүмкіндік береді — дейді Денсаулық сақтау министрілігі Санитарлық-эпидемиологиялық

бақылау комитетінің Жұкпалы ауруларды эпидемиологиялық қадағалау басқармасының басшысы Роза Қожапова.

Медицина қызметкерлері, медициналық ұйымдарда диспансерлік есепте тұрған балалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, балалар үйлеріне арналған білім беру ұйымдарының балалар қысқартты. Елде өршіген індет Қытайдың 15 провинциясы мен мегаполистеріне, оның ішінде Бейжің мен Шанхайға әсер етуі мүмкін деген күдік басым. Яғни, елде әлі де алаңдаушылық бар.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша әлемде COVID-19 инфекциясына шалдыққандардың жалпы саны 615 млн.-нан асты. Тәулігіне 171 мыңнан астам адам індет жұқтырған. Ковидтің күзгі толқыны Бельгия мен Нидерландта да байқалады.

— Қауіпті індеттің жылдам жайылуына жол бермеу үшін вакцинация мен тестілеу өте маңызды, — деп атап өтті жергілікті сарапшы мамандар.

Сонымен қатар, коронавирустың омикрон нұсқасы мутациялануда. — Омикронның BQ.1 деп аталатын жаңа нұсқаларының бірі Еуропалық одақ пен Еуропалық экономикалық аймақтың кем дегенде бес елінде анықталды. Еуропадағы аурулардың алдын алу және бақылау орталығының мәліметі бойынша BQ.1, сондай-ақ BQ.1.1 деп аталатын әрбір топ бөліктері қарашаның ортасынан желтоқсанның басына дейін өршиді, — деді еуропалық дәрі-дәрмек агенттігінің басшысы Марко Кавалери.

Күз бен қыста тұмау мен ковид вирустары қатар жүруіне байланысты екі вакцинаны қатар әлсіз топтарға егу ұсынылды. Алайда, вирус түрленуде. Бұл алдағы уақытта қолданыстағы вакцинацияның тиімділігін арттыруға тура келетінін көрсетеді.

Коронавируста сенбеу — қауіпті ең үлкені. Елімізде 8 қарашада аталмыш вирустан бір адам қайтыс болды. Дәрігерлер де індет жұқтырғандар санының артып жатқанын айтады. Араға бірнеше ай салып, бәсеңдеген вирус ошағы қайта тұтанған. Бүгінде вирус жұқтырған 50-ге жуық адамның сегізінші жағдайы ауыр, екеуінің жағдайы өте ауыр. Сонымен қатар коронавирус пневмониясына шалдыққандар саны көп. — Ағымдағы эпидемиялық маусымда Қазақстанда тұмау вирусының А және В екі штамы айналымда жүр. Сәйкесінше, жұқтырғандар саны артқан. Еліміз бойынша ауруға шалдығу көрсеткіші өткен жылдың осы кезеңімен сәйкес. Аурудың алдын алудың ең тиімді тәсілі вакцина алу. Биылғы жылы бюджет қаражатынан Ресейде өндірілген «ГРИППОЛ» вакцинасының 2,3 млн. данасы сатып алынды. Бұл республика халқының 12%-ын қамтуға мүмкіндік береді — дейді Денсаулық сақтау министрілігі Санитарлық-эпидемиологиялық

бақылау комитетінің Жұкпалы ауруларды эпидемиологиялық қадағалау басқармасының басшысы Роза Қожапова.

Медицина қызметкерлері, медициналық ұйымдарда диспансерлік есепте тұрған балалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, балалар үйлеріне арналған білім беру ұйымдарының балалар қысқартты. Елде өршіген індет Қытайдың 15 провинциясы мен мегаполистеріне, оның ішінде Бейжің мен Шанхайға әсер етуі мүмкін деген күдік басым. Яғни, елде әлі де алаңдаушылық бар.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша әлемде COVID-19 инфекциясына шалдыққандардың жалпы саны 615 млн.-нан асты. Тәулігіне 171 мыңнан астам адам індет жұқтырған. Ковидтің күзгі толқыны Бельгия мен Нидерландта да байқалады.

— Қауіпті індеттің жылдам жайылуына жол бермеу үшін вакцинация мен тестілеу өте маңызды, — деп атап өтті жергілікті сарапшы мамандар.

Сонымен қатар, коронавирустың омикрон нұсқасы мутациялануда.

— Омикронның BQ.1 деп аталатын жаңа нұсқаларының бірі

Еуропалық одақ пен Еуропалық экономикалық аймақтың кем дегенде бес елінде анықталды. Еуропадағы аурулардың алдын алу және бақылау орталығының мәліметі бойынша BQ.1, сондай-ақ BQ.1.1 деп аталатын әрбір топ бөліктері қарашаның ортасынан желтоқсанның басына дейін өршиді, — деді еуропалық дәрі-дәрмек агенттігінің басшысы Марко Кавалери.

Күз бен қыста тұмау мен ковид вирустары қатар жүруіне байланысты екі вакцинаны қатар әлсіз топтарға егу ұсынылды. Алайда, вирус түрленуде. Бұл алдағы уақытта қолданыстағы вакцинацияның тиімділігін арттыруға тура келетінін көрсетеді.



СӘКЕН ТЕАТРЫНА – 90 ЖЫЛ

– Құрман Өмірбекұлы, Сәкен театрына басшы болғалы 1-2 жылда қыруар шаруа атқардыңыз. Осындай іскерліктің құпиясы бар ма?

– Шынымен де, уақыт сусып қолда тұрмайды. Көзді ашып-жұмғанша келгеніме екі жыл болды. Бір жыл толығымен карантинде отырдық. Шектеулер жұмысқа кедергі келтірді. Кейін қарқынды жұмыс істедік. 90 жылдық тарихы бар Сәкен театры маған дейін де жарқыраған, менен кейін де жарқырап тұра береді. КСРО кезінде мемлекеттік сыйлықты алған жалғыз облыстық театр. Мәртебесі – өте биік. Ұжымдық жүйе әбден қалыптасқан. Көне тарихтан сыр шертетін алғашқы қазақ театрларының бірі. Біз не істесек, өз міндетімізді орындадық. Асқар таудай ағалардың игі бастамаларын, сара жолын жалғастырамыз. Театрдың шығармашылық жағынан шарықтайтын, тоқырауға түсетін кезі болады. Шарықтайтын бір жаңа дәуір келе жатқан секілді. Облыс әкімдігі, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы көп қолдау көрсетіп отыр. Өнер жанашырлары баршылық. Мәртебеміз сондықтан да биік тұр. Театр – көрерменімен көрікті. Аз уақыт деуге келмес. 90 жылдан бері жалған еңбектің заңды жалғасы. Сол биік мәртебені жоғары деңгейде ұстап тұра алсақ – нұр үстіне нұр. Алда атқаратын шаруа, арман-мақсат, идея, алар асу көп. Келесі жылы шетелдердегі фестивальдер бар шығатын. Жаңа туындылар күтіп тұр.

– Театр қызметкерлеріне бірнеше үй берілді. Оны өздеріңіз жөндеуден өткіздіңіздер. Толығырақ айта кетсеңіз.

– Облыс әкімдігі тарапынан былтыр театр қызметкерлеріне 6 үй берілді. Ақтас, Саран қалаларынан. Биыл Доскей ауылынан қараусыз қалған үйді жөндедік. Бұл Тәуелсіздіктің және қолдаудың арқасы дер едім. Қанқасы ғана тұрған үй. Ұжымға жастарды тарту, жұмысты жандандыру керек. Сондықтан, бел шешіп, кірісуге тура келді. Өзің ұмтылмасаң, ісінде береке болмайды. Осылай басшылықтың облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұсынысын қабыл алдық. 40-ыншы үйдің 40 пәтеріне жөндеу жүргіздік. Жанадан салғаннан гөрі, қайта жөндеу өте қиын шаруа. Жұмыстар бары бітті. Республика күні қарсаңында облыс әкімі Жәніс Махмұдұлы арнайы барып, пәтер кілттерін табыстады. Мәдениет саласына бөлінген 40 пәтердің 12-сі театр қызметкерлеріне бұйырды. Оның ішінде, жас отбасылар, үйі жоқ әріптестер бар. Жалпы, театр қызметкерлеріне 18 үй берілді. Қазір жаңа үйге ақырындап көшіп жатыр. Бұл тәуекел қаншама адамды қуантты. Біреуді жаным қуантқанды сүйеді. Сондай бір ішкі жан қалауынан жүзеге асқан дүние болды.

– Көрермен санының әжептәуір артқанын байқаймыз. Елді театрға тартудың тың үрдісі туралы айтсаңыз.

– Өнер адамдары кейде өзін биік санап, «халық бергенді жұта береді» деп ойлайды. Өте қате пікір. Халық – әулие. Бәрін біліп отырады. Оның үстіне, қазір шығармашылық тұрғыдан жоғары. Талғам керек. Театрға көрермен өз аяғымен келуі үшін талғаммен жұмыс істеу қажет. Өзіңізді сүйіп атқаруың ләзім. Қазіргі заманның талабына, жастардың ой-санасына сай қызықтыра білген жөн. Ол – үлкен жұмыс. Былтыр Москеудегі Е.Вахтангов театрынан режиссер Гүлназ Балпенсованы командасымен шақырып, «Қарақөз» шығармасын қойдық. Аншлаптен өтті. Өйткені, ол жастардың талғамына дөп келді. Мұхтар Әуезовтің бір ауыз сөзін өзгертпей, сыртқы формасын құбылтты.



Құрман Қалымов:

Театр қызметкерлеріне 18 пәтер берілді

«Арқаның Ақсарайы» атанған Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының құрылғанына – 90 жыл. Талай сахна саңлағының ізі қалған, көптеген дарынның қанатын қатайтқан киелі орда осы уақыт аралығында бірталай белесті бағындырып, көптеген жетістікке жетті. Талғампаз көрерменнің көңілінен шығып, елдің алғысына бөленіп жүрген театр директоры Құрман Қалымовтың да үлкен той алдында өз айтары бар.

Киім киісі, жүріс-тұрысы, музыкасы, психологиясы қазіргі заманның жастарға сай ұсынылғанда, сұраныс өте жоғары болды. Бұдан бөлек, театрда жиі-жиі шара өтті. «Театрдағы бір түн» акциясында көрермен лық толды. Өзіміз де күтпеп едік. Көрерменді топ-тобымен шақырып отырығу емес, елдің өз аяғымен келуі – үлкен жеңіс. Сол бағытта жұмыс істеп жатырмыз. «Ұлтқа қызмет» спектаклі халықтың сол кездегі көңіл-күйін дөп басты. Қантар оқиғасынан кейін жан жарасын емдегендей жылы қойылым болды. Шерхан Мұртазаның күрделі «Текебұрқак» туындысы да қажырлы еңбекті талап етті. Психологиялық тұрғыдан жылға жуық уақыт дайындалдық. Ойландық, толғандық. Осылай, көрерменнің талғамына, ой-қиялына дөп түсердей жұмыс істеп келеміз. Сонда көрермен өзі іздеп келеді. Ал, көрермен бір бөлек, өзің бір бөлек, өз қойғаныңа өзің ғана маз болып жүрсең, қателесесің. Не істесең де, беріле істеу керек. Сонда ісін алға басады, бәрі өз орнымен жүреді.

– Биыл өнер қарашаңырағына – 90 жыл. Алда үлкен той. Қандай жаңалықпен қуантасыз?

– Биыл театрымызға – 90 жыл. 1932 жылы қараша айында негізі қаланған. Басында орысы бар, қазағы бар драма үйірмесі болып еңбек жолын бастаған. Кейін «Жұмысшы жастар театры», «Доскей Өлімбаев атындағы музыкалық қазақ драма театры» болған. Сәкен Сейфуллин ақталған соң 1964 жылы «Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ драма театры» болып бекітілген. Өнер ошағы қазірге дейін небір қыспақтан, қылқопірден өткен. 1990 жылдың өзінде жабылып қала жаздап, қайтадан аяғына нық тұрыпты. Өйткені, сол кезеңде іргелес Павлодар мен Ақмолада екі театр ашылады. Жүсіпбек Аймауытов театры – Ерсайын Тапенов, Қалибек Қуа-

нышбаев театры – Жақып Омаров ашқан. Сол екі театрға әртістердің тең жартысы жұмысқа қабылданып, кетіп қалады. Ол кез қиын-қыстау кез ғой, біздің балалық шағымыз. Сәкен театрында тоғыз-ақ әртіс қалады. Қазақ пен орыс труппасын қосып, «Қарағанды драма театры» деген колледжі қабырғасынан актерлерді даярлайтын курс ашып, Кеңес ағаның өзі дәріс оқиды. Театрдың бағына сол кезде театрға білікті маман Өлімбаев Оразбеков бас режиссер болып келіп, жұмыс қайнай түседі. Қаншама жас оқу бітіріп шығады. Солайша, қайтадан театрдың труппасын қалыптастырып, биік-биік белестерді бағындырады. Сол жеңісті-жемісті театрдың 90 жылдық мерейтойын тойлау бізге бұйырғалы тұр. Сайлау науқаны да келе



жатыр. Үлкен іс-шара. Аман-есен сайлау науқанынан өткен соң, желтоқсан айының бірінші онкүндігінде атап өтетін ойымыз бар. Алда қуанышты күндер күтіп тұр.

– Соңғы екі маусымдағы премьералар ел көңілінен шығып, театр сыншылары оң пікір айтуда. Алда тағы қандай тың спектакльдерді көре аламыз?

– Дұрыс айтасыз. Көрермен талғамына жұмыс істеу – көрерменнің ығына кетіп қалу емес, керісінше өз ығына алып келу. Алда осы бағытта сахналанатын үлкен-үлкен шығармалар бар. Келер жылы қуантатын ауқымды екі шығарма жоспарда тұр. Өзірге құпия бола тұрсын. Қойылған шығарма сыншылар тарапынан сын көтеретін болуы тиіс. Кәсіби деңгейде қаралуы керек. Ұсақ-түйек дүниеге берілмеген жөн. Осы мәселеде спектакль қою – актерді таңдау, актердің, режиссердің, актрисаның бағын ашу болып есептеледі. Мұнда көп дүние бар. Бір спектакль екі-үш адамға нақты көзделіп алынады. Солардың ел алдында таланты-

қалыптасады. Содан кейін барып, театрдың деңгейі көтеріледі. Бұйырғаса, алда «Үздік актер», «Үздік актриса» атағын да алуға күш саламыз. Жақсы режиссер осылай театрды биік белеске жеткізеді. Сондықтан, Айданның қолтаңбасын танып, бұрыннан бақылап жүрген соң, таланттына, қарым-қабілетіне үлкен сенім арттым. Ризамын. Мақтанамын. Өкінемеймін.

– «Театр менеджменті» бойынша бір актер бірнеше театрда істеп, табысын арттыруға болатын көрінеді. Бұған не дейсіз?

– Иә, «Театр менеджменті» деген басының қолындағы шаруа ғой. Бір театрға екінші театрдан актер шақыртып, рөл ойнату үшін сол театр сенің де актердің шақыртып рөл беруі керек. Екі жақтың актері де деңгейлес болуы қажет, меніңше. Егер олай болмаса, өзің сырттан шақыртып рөл ұсына берсең, оның ешқандай шығармашылық биікке жетелейтін рахаты жоқ. Өйткені, сен бүгін барсың, ертең басқа қызметке кетуің немесе актер ауысып кетуі мүмкін. Ал, сен қойғызған спектакльдің бас кейіпкері кетіп қалған соң, ол қойылымды құлдырауға алып келеді. Сол кезде ол актерді ешкім менсінбей қалуы ықтимал. Актерлерде «шығармашылық қызғаныш» деген болады. Ол – өте қиын шаруа. Бұл ұжымның ортақ жұмысына кесірін тигізуі мүмкін. Бірлік болмаса, іс өнбейді. Сондықтан, «қандай ас жесең де өз қалағыңмен жегенің дұрыс» деген пікір бар. Алдымен, өзіңнің ішкі жан дүниенің, шығармашылығыңды, театрдың әбден емдеп, үлкен аламандардан оза шауып келсең ғана, басқа театрлармен санасуға, шығармашылық тәжірибе алмасуға баруға болады. Онсыз қазіргі жағдайда құр пиар үшін шақырып, кейін ол ойдағыдай жүрмей қалса, ұят дүние. Табыс табудан бұрын әр шығармашылық аламы осыны көкірегіңе мықтап түйіп алуы ләзім-дүр.

– Сөз соңында жас әріптестеріңізге қандай кеңес бересіз?

– Жалпы, өзім де жаспын ғой. Әріптестеріме айтарым, театр өнері, жалпы, өнер – тазалықты, еңбекқорлықты сүйеді. Жан дүниені таза болып, өнерге бар болмысыңмен құлай берісең, өнер сені биікке шығарады. Өнерді ластай бастасан, өнер сені таптай бастайды. Сахна – киелі. Сахнаны сүйіп барып жұмыс істеу керек. Тіпті, режиссердің беретін режисситор, жарық беретін жарық берушіні, музыкамен әрлейтін дыбыс режиссерін барлығын жақсы көруің керек. Бәріне күнделікті рахмет айтуың керек. Спектакльді ұсынған режиссердің, саған қызмет жасап жүрген режиссердің көмекшісінің еңбегін бағалауың керек. Киім тігіп берген тігіншіге құрметпен қарауың керек. Олар сенің жеке басың емес, өнерің үшін қызмет етеді. Біз қызметті өнер үшін істейміз. Сол өнердің рухы биік болуы – аса маңызды. Болат Ұзақовтың инсценировкасында: «Бәлтірік ең алғашқы аңшылығыңда немен ауызданса, соның дәмі өмір бақи таңдайыңнан кетпейді» деген сөз бар. Егер, сен тышқанмен ауыздансаң, өмір бақи тұмсығыңды жерден көтеріп өтесің. Рухыңды асқатқататын, өзіңнен бір бас жоғары биік рухани дүниемен азықтансаң, рухың мәңгі биік болады. Сондықтан, бұл өнер деген өлкеде терен біліммен, көркем мінезбен ғана өз жолыңды қалыптастырасың. Онсыз «өнерде жүрмін» дегенің – далбаса. Ұлтқа қызмет ету – білім мен мінездің және өкпенің қанымен, аның сүтімен берілген тәрбие арқылы жүзеге асады. Ендеше, өнерге адал, биік рухты әрі еңбекқор болайық!

– Тұшымды әңгімеңізге көп рахмет! Ұжымға шығармашылық табыс тілейміз.

Сұхбаттасқан
Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

ЖАҢА КІТАП

Баба мұрасы мәңгілік

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Birgemiz» жалпыұлттық жобасының «Birgemiz: Asyl muga» бағытында еріктілерге арналған Қарағанды облысы және Бұқар жырау ауданының грантын Жанұзақ Мәкішев жеңіп алған еді. Грант қаржысына баба мұрасын түгендеп, келешек ұрпаққа мирас етіп қалдыру мақсатында «Бұқарекен жырлайды» аудиокітабын жарыққа шығарды. Мерекелік шараға аудандық мұрагерлік қорының басшысы Асхат Әли, ҚР Мәдениет қайраткері, Бұқар жырау ауданының «Құрметті азаматы» Мүгілсім Шибәева мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалов қатысып, аудиожинақтың тұсауын кесті.

Аудиотуындылар жаңа технологияның көмегімен дайындалған. Сапалы әуенмен көркемделіп, қанық дауыспен басылған. Жинақты шығаруға 600 мың теңге жұмсалыпты.

– Келешек ұрпаққа мол мұра қалдырып жатқан Жанұзақ Сұңғатұлының ерен еңбегі – ерлікпен пара-пар. Жас буын да нағай, көмекей әулие бабаларымыздың мұрасын бойына сіңіріп өсуі қажет. Жинақты қолға алған үлкен-кішісінің бәрі баба мұрасын құлағына құйып өссе екен. Сонда ғана тектілік мәңгі жоғалмайды, – деді Асхат Әли.

Аудиожинақ 2 бөлімнен тұрады. «Бұқар жыраудың жырлары» бөліміне енген 55 толғауын Қайрат Кемалов дыбыстаған. Ал, «Бұқар жыраудың толғаулары» бөлімінде 24 толғауы таспаланды. Серік Жаксығұлов, Дидар Камиев, Армат Исламғалиев, Мұхтар Әділов, Фархат Оразов сынды елге белгілі өнер иелері жыр-толғауларын аспаппен орындап, тас-

паға түсірген. Сонымен қатар, аудиокітап дизайнын Қарағанды Суретшілер одағы қоғамдық бірлестігінің және Еуразиялық Дизайнерлер одағының мүшесі Еркін Темірғалиев жасаған.

– Бабамыздың құнды мұрасын келешек ұрпақтың сүйегіне сіңіріп, кеңінен насихаттау – киелі іс. Осы шаруаның басы-қасында жүрген жандарға алғысым шексіз. Бабамыздың философиясы бізге ғана емес, барша адамзат баласына ортақ. Оның мұрасын болашаққа қалдыру мақсатында аз да болсын көмегім тигеніне қуаныштымын. Біз – «демократия» дейміз. Жалпы, Ұлы Дала демократиясының негізін қалаған – Бұқар бабамыз. Оған бір дәлел, қанды қасап заманда Абылайдай батырға дүйім жұрттың алдында қымсынбай сөз сөйлеп, ақылын айтып отырды. Ал, ол уақытта ханға ешкім қарсы келе алмайтын. Абылай батыр көмекей әулінені жанына кеңесші етіп, қасынан тастамай алып жүруі – оның ұлылығы деп білемін.



Міне, бұдан өткен далалық демократия, әділдік бола ма?, – деді Қайрат Кемалов. Ал, автор өз сөзінде:

– Жалпы, бабалар мұрасын келешек ұрпаққа жеткізіп, рухани жағынан сундылату – ортақ парыз. Түрлі саладағы азаматтардың кітап оқуын мейлінше оңтайландырып беретін аталмыш саланың болашағы зор. Аудиокітаптарды өміріміздің бір бөлшегіне айналдыруға ұмтылу керек. Күнделікті құлаққап арқылы түрлі әуендерді тыңдап, уақытты

күр босқа өткізгенше, сауатыңды ашып, кітаптарды тыңдағанға, сол мезетте белгілі бір жұмысыңды бітіріп алғанға не жетсін?! Біз осындай істеріміз арқылы келешек ұрпаққа үлгі бола аламыз. Аудиокітаптың шығуына зор үлес қосқан ауданның «Құрметті азаматы» Айтбай Ботбайұлына ерекше алғыс айтамын. Сол кісінің ақыл-кеңесімен жарыққа шықты, – дейді.

Бұқар жырау ауданы

● ТІЛ – ТҰҒЫР

Тіл – ең асыл құндылық



Тәуелсіздік алғалы бері қоғамдық қызу талқылаудың тақырыбына арналған басты мәселенің бірі — тіл мәртебесі. Президент алғашқы жолдауында қазақ тілінің қолданыс ауқымын кеңейту турасына ерекше тоқталды. Ол, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізіміз керек деді.

Тіл мәселесінің ар жағында ел мен жер болашағы тұрғанын жадымызда ұстаған абзал. Тілге қатысты талаптар жүзеге асырылуы керек

солардың ішінде ең бастысы, мемлекеттік ұйымдардың іс қағаздары тек қана қазақ тілінде жүргізілуі қажет.

Әр халық үшін өзге тілді сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау және тілге немқұрайлы қарау қауіпті. Мұстафа Шоқайдың «Бала кай тілде білім алса, түбі сол ұлтқа қызмет етеді» — деген нақыл сөзіне сүйенсек, бұл мәселе туралы терең ойлануымыз керек.

Әр мемлекеттік мекеме қызметкерді жұмысқа қабылдағанда мемлекеттік тілін жетік білу керектігін ескеріп, оған ынта салса.

Сонымен қатар, әр өткізілетін жиналыстар мен отырыстар тек қана қазақ тілінде жүргізіліп, хаттамалар мен қажетті құжаттар

қазақша толтырылса, тілге деген көзқарас өзгертінді анық.

Мемлекеттік қызметте қызметкердің қазақ тілін жұмыс барысында қалай қолданатыны мен тіл білу деңгейіне назар аудару қажет. Ол үшін азаматтардың ұлттық рухы мен отаншылдық сана-сезімін күшейтуге бағытталған шаралар үздіксіз жүргізілсе, оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Қазақ елі сөз қадірін білетін халықтың ұрпағымыз. Тілімізге құрмет көрсету арқылы халқымызға жанашыр болып, адалдығымызды аңғартамыз деп санаймын.

Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оның құзыретін іс жүзінде нығайту үшін бәрімізге артылған жауапкершілік жүгі, барша қазақстандықтардың ортақ ісі деп қабылдасақ. Отбасынан бастап, ел басындағы азаматтарға дейін тілдік құндылығымызды арттыру керек екендігін естен шығармаған жөн. Яғни, бұл үрдісті жеделдетуге қолымызда бар ресурстарды, мүмкіндікті пайдалана отырып, баршамыз атсалысуымыз қажет.

Айнұр САБЫР,
Қарағанды облысы бойынша соттар әкімшісінің құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі бас маманы

Еске алу

Қарқаралы ауданы М.Мамыраев ауылының тумасы, Қарағанды қаласының белді — беделді азаматы, ұлағатты ұстаз, асқар тау әке, жанашыр ата, адал жар — Дулат Сағдәтұлы АҚЫЛТАЕВТЫҢ бұл дүниеден озғанына жыл толды.

1 жыл өтті асқар таудан айрылғалы, Анамызда сыңарынсыз жабырқаулы. «Арпа ішінде бір бидайым, еді-ау» деп, Атамның көңілі де жабыққалы.

Түсіне алмай қалдық ӘКЕ артында, Оқысынан ажал салған құрығын. Немерелерің де іздейді, сағынады, Суретіңмен атам ғой деп сырласады.

Компьютермен Роботтарды бағындырған, Үлгі алар Ұстаз едің, ЕР едің. Жан әкешім, жаның болмай әрқашан, Ең ерекше, ақ төрінен жұмақтың.



Сағына еске алушылар: жары, балалары, немерелері.

Ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жарандар, ауылдастар! Әкемізге арналып оқытылатын Құранға қол жайып, берілетін астан дәм тағуларыңызға шақырамыз. 2022 жылдың 17 желтоқсаны сағат 13.00-де Қарағанды қаласы, Көгілдір тоғандар ықшам ауданы, «Заман» мейрамханасы.

T/6.

«Қарағанды облысының дін істері басқармасы» ММ «Қазақстан азаматтары» ҚБ және «Дін және заман» журналының редакциясымен бірлесіп, Қарағанды облысының журналистері арасында дін саласы мен діни экстремизмнің алдын алу мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) үздік жариялауға конкурсу өткізеді.

Байқау номинациялары: «Теледидардағы ең үздік репортаж», «Интернет БАҚ-тағы үздік материал», «Мерзімді басылымдағы үздік мақала».

Конкурсқа мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланған және эфирге шыққан телевизиялық және радио бағдарламалар, сондай-ақ, 2022 жылдағы интернет-сайттардың материалдары қатысады.

Байқау жеңімпаздары ақшалай сыйлықтармен марапатталады. Жалпы жүлде қоры 900 000 теңгені құрайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау 2022 жылғы 1 желтоқсанда аяқталады.

Байқау Ережесімен мына сілтемелер бойынша танысуға болады: www.gako.kz/Polozh_SMI_kaz.docx, www.gako.kz/Polozh_SMI_rus.docx.

№282.

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,89 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул.Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412.

№279.

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

- жеңіл автокөліктер үшін
- жеңіл жүзкөліктер үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

ЕЗ АҒАН ШИНАЛАР САТПАЙМЫЗ, ЕЗ АҒАНДА БАҒАЛА САТАМЫЗ

Қарағанды қ.қойма: Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
Тел.: 8 707 80 35 800

Қарағанды облысының әкімдігі орны толмас ауыр қаза Ақтоғай және Жаңаарқа аудандарының бұрынғы әкімі **Ғабдрахман Ігілікұлы ОМАРОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты туған-туысқандары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ұлытау облысының әкімдігі орны толмас ауыр қаза Ақтоғай және Жаңаарқа аудандарының бұрынғы әкімі **Ғабдрахман Ігілікұлы ОМАРОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты туған-туысқандары мен жақындарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

№764.

● БАЙҚАУ

Білімді елдің мерейі үстем, бәсекеде бәсі жоғары болатынын адамзат баласы әлдеқашан мойындады. Сондықтан, әуелі бала емес, мұғалімнің өзін жетілдіріп, ізденімпаздыққа, жанашырлыққа ынталандыру қажет. Осы мақсатта облыстық білім басқармасының бастамасымен біршама жұмыс атқарылуда. Солардың бірі IV рет өткізіліп жатқан аудандық «Жыл мұғалімі» байқауы.

Жыл мұғалімі анықталды



берген. Бұған дейін қатысушылар «пән бойынша сабақ», «сыныптан тыс іс-шара» кезеңдерін аудан орталығындағы мектеп ғимаратында өткізіп келген еді. Бұл жолы осы кезеңде жоғары ұпай жинаған 8 қатысушы аудандық мәдениет үйінің сахнасында шеберліктерін көрсетті. Нәтижесінде байқаудың бас

жүлдесі Ж.Ақылбаев атындағы мектептің ұстазы Г.Жанбековаға бұйырды. I орынға Жарық жалпы білім беретін мектеп ұстазы М.Нұрышева лайық деп танылды. Ю.Гагарин атындағы мектеп ұстазы Л.Азбаева – II, С.Сейфуллин жалпы білім беретін мектеп ұстазы Ф.Тоимбек – III орын иеленді.

Сонымен қатар, Ақсу негізгі орта мектебінің ұстазы Г.Икишева – «Ең үздік сабақ», Батық жалпы білім беретін мектептің ұстазы З.Бейсенбаева – «Ең үздік сыныптан тыс іс-шара» аталымы бойынша марапатталды. Ы.Алтынсарин атындағы мектептің ұстазы Ж.Жексенбекова – «Ең үздік үй тапсырмасы», Еркіндік жалпы білім беретін мектеп ұстазы А.Байжаханова – «Көрермендер көзайымы» номинациясы берілді.

Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне естелік сыйлық таратылды. Сондай-ақ, байқауды ұйымдастыруға мұрындық болған Ж.Ақылбаев мектебі ұжымына аудандық білім бөлімі тарапынан 2 заманауи компьютер сыйға берілді.

Елдос СМАҒҰЛ,
аудандық білім бөлімінің басшысы

Шет ауданы

● АКЦИЯ

«Заң керуені» акциясы мәреге жетті

Ұлттық ұлан Орталық өңірлік қолбасшылығының 6505 әскери бөлімінде Бас әскери прокуратуралардың тапсырмасына сәйкес, Орталық аймағы әскери прокуратурасының Қарағанды гарнизонының Қарулы күштері, Ұлттық ұлан, Төтенше жағдай департаменті мен шекара қызметінің әскери бөлімдері мен мекемелерінде «Заң керуені» соңғы акциясы мен жұмысты қорытындылау кезеңі өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Акцияны Орталық аймағының прокуроры әділет полковнигі Данияр Жұмаділов бастап келді.

Айта кетерлігі, акция Қарағанды гарнизонының Қарулы күштері, Ұлттық ұлан, Төтенше жағдай департаменті мен шекара қызметінің әскери бөлімдерін бір-



неше күнде толық қамтылды.

Акцияның басты мақсаты — әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне жедел құқықтық көмек көрсету, олардың құқықтық мәдениетін көтеру, прокуратураның құқық қорғау функциясын іске асыру, өңірдегі қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті нығайту үшін азаматтық қоғамның, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының күш-жігерін біріктіру.

Іс-шарада, ҚР Ұлттық ұланы Орталық өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмысы

жөніндегі орынбасары полковник Қанат Беляков құзырлы органға Ұлттық ұлан әскери құрылымының тарихы мен атқарылатын қызметі жайлы баяндап, акция өзінің жоспарға сай жұмысын жалғастырды.

Акция барысында бөлімнің әскери қызметшілері өзара пікір таластырып, әкімшілік мәслихатының, денсаулық сақтау, тұрғын үй қатынастары, халықты жұмыспен қамту және өңірдегі әлеуметтік бағдарламалары органдарының өкілдерінен қызмет барысына байланысты сұрақтарға жауап алды.

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Оқырмандар ой жарыстырды

Кітап — адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. Бүгінде кітап оқу әлемдік мәселеге айналды. Бала тәрбиесі ең әуелі ата-анадан, мектеп қабырғасынан басталады десек, ұлттың рухани бай болуы кітап оқуға тікелей байланысты. Осы мақсатта Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейінде «Балалар жылы» және «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында дәстүрлі «Оқырман отбасы – 2022» кітап оқу байқауы өтті.

Байқау алғаш рет 2014-2015 оқу жылында басталған. Билл шараға «Қазақмыс» корпорациясы инженері Ермекбай отбасы, «Ұлы дала» мекемесінде экономист Күмісханов отбасы, қалалық оқушылар сарайында сурет мұғалімі Сапар отбасы, «Халық Инкассация» ЖШС мекемесінде инкасатор Жапарғалиндер отбасы қатысты.

Байқауда 2 «Ә» сынып оқушы-



сы «Кітап ханшайымы» Малика Арманқызы адам өміріндегі кітаптың маңызы жайлы жазылған өлең жолдарын оқыды. 6 «А» сынып оқушылары Аружан Әбеу, Жанел Әлімжанова жергілікті акын-сазгер К.Бекмағанбетовтің сөзіне жазылған «Кітап менің өмірім» әнін орындады.

Байқау ережесі үш кезең бойынша өткізілді. «Мен оқыған бір кітап» кезеңінде қатысушылар оқыған кітабына жарнама жасаса, «Сәйкестендіру» кезеңінде берілген авторлар бойынша кітаптың атын дұрыс орналастыру қажет. «Мен оқимын, сен де оқы!» деп

аталатын үшінші кезеңде қатысушылар өздері оқыған кітабына буктрейлер дайындады.

Нәтижесінде, «Кітапқұмар отбасы» — Ермекбай, «Озық ойлы оқырман отбасы» — Күмісхановтар, «Ертегілер еліне саяхаттаушы» — Сапар, «Оқырман отбасы – 2022» — Жапарғалиндер отбасы атанды. Сондай-ақ, Жапарғалин мен Ермекбай отбасы облыстық деңгейде өтетін байқауға жолдама алды.

Б.ТОЙШЫБЕКОВА,
Әлихан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицейі БАЛҚАШ



Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Торгайдан Түркияға велосипедпен барған Ернат Мелсұлы Қарағандыға келді. Өзі қанат қакқан Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің басшылығымен кездесіп, жастармен жүздесті.

Алдымен Ернат Мелсұлы университет ректоры Нұрлан Дулатбеков қабылдады. Алғыс хат тапсырып, алдағы жоспарларына сәттілік тіледі. Бұдан кейін университеттің №3 оқу ғимаратында жастармен кездесті. Іс-шара тізгінін ақын Салтанат Смағұлтегі ұстады.

– Осы велшеруге Астанадан 3 қыркүйекте таңғы сағат 6-да аттандық. Уақыт көпшілік үшін ыңғайсыз, ерте болғанына

Веложиханкез жастармен жүздесті



қарамастан университеттің бір топ ұстазы шығарып салды. Сол кезде Нұрлан Орынбасарұлының арнайы делегация жібергеніне шын көңілден разы болдым. Республикада Қарағандыны кадрлар ұстаханасы деп біледі. Оның ішінде, Бөкетов университетінің шоқтығы биік. Терен тарихы бар оқу орнында білім алып, үлкен өмірге қадам басқанымды мақтан тұтып, әрдайым айтып жүремің, – деді кездесуде Ернат Мелсұлы.

Университеттің биология-география

факультетінің деканы Серікболат Талжанов велосипедшінің бұл сапары жастар үшін ерекше онеге екенін айтты.

– Ернат Мелсұлы осы сапары арқылы кейінгі буынға үлгі көрсетті. Еңбекқорлықтың, табандылықтың арқасында көп жетістікке қол жеткізуге болатынын дәлелдеді. Біздің студенттер осы Ернат ағалары сияқты азаматтарға қарап, бой түзеуі қажет. Келешекте ойға алған істеріңіз онынан жүзеге асуына тілектеспін, – деді Серікболат Алдонғарұлы.

Веложиханкез сапар барысындағы қызықты оқиғалар мен қиындықтар туралы әңгіме өрбітті. Шет мемлекеттерде көргені мен түйгені жайлы сөз қозғайды. Өз кезегінде жастар сауалдарын ортаға салды.

Кездесуден кейін велосипедші заманауи үлгіде жабдықталған ғылыми кітапхана жұмысымен танысты.

Естеріңізде болар, Ернат жерлесіміз Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай 55 күндік веломарафон ұйымдастырған-ды. Ұлт ұстазының кіндік қаны тамған Қостанай облысындағы Сарыөзек ауылынан Ыстамбұлға дейін 5555 шақырымды жалғыз жүріп өтті. Мұстафа Өзтүріктің зиратына барып, Құран бағыштады.

Тағы бір айтып өтері, келесі жылы Мысырды билеген Бейбарыс сұлтан-ның туғанына 800 жыл толады. Осыған орай, Ернат Мелсұлы Әлихан Бөкейхан дүниеге келген Ақтоғай ауданынан Каир қаласына велосипедпен жолға шықпақ. Ал, кеше сол сапарға дайындық ретінде 800 шақырымдық марафонды бастады. Бастапқыда күніне 3 шақырымнан жүгіреді. Кейін қашықтық 5, 10 шақырымға дейін ұлғаяды. Сөйтіп, алдағы ақпан айының соңына дейін 800 шақырымды еңсеріп тастамақ.

● ФУТЗАЛ

Черногория құрамасын жеңді

Футзалдан Қазақстан құрамасы әлем чемпионатының іріктеу кезеңінде Черногория құрамасын 7:0 есебімен ойсырата жеңді.



Алғашқы таймда казакстандықтар қарсыластың қақпасына үш гол салды. 2-ші минутта Дуглас Джуниор есеп ашса, араға бір жарым минут салып Әбдірасыл Абдулманапұлы есепті еселеді. 15-ші минутта Арнольд Кнауб команда қоржынына үшінші голды салды.

Екінші таймның алғашқы минутында Альберт Акбальков қарсылас қақпасына төртінші голды тоғытты. Бұдан кейін Біржан Оразов бір минут ішінде қос гол салып, дубль атанды. Соңғы минутта Азат Валиуллин жетінші голды салып, ойынды тәмамдады.

Қазақстан құрамасы топтық кезеңде 9 ұпаймен көш басында тұр. Словения командасы әзірге 3 ұпаймен – II орында. Ал, Черногория құрамасында әзірге ұпай жоқ.

● ФУТБОЛ

Жас қырандар жарады

Таразда ел чемпионаты аясында өткен «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер U9 лигасында қарағандылық «Шахтер 2013» футбол командасы II орын иеленді.

Чемпионатқа әр аймақтан 20 команда қатысқан. Турнирдің талабы бойынша команда мүшелерінің жасы 13-тен аспауы шарт.

Жерлестер топтық кезеңде қарсыластарын басып озып, I орынмен шыққан болатын. Жартылай кезеңде алаң иесі «Тараз» командасын жеңген. Алайда, ақтық кезеңде «Ақтобе» командасына есе жіберіп, чемпионаттың күміс жүлдегері атанды.

Чемпионат қорытындысы бойынша «Шахтер» ойыншысы Тілеу Нұрқуат «Үздік қорғаушы» номинациясына ие болды.

● ДЗЮДО

Арманыңа жет, Даяна!

Бакуде (Әзірбайжан) паралимпиадалық дзюдодан өткен әлем чемпионатынан теміртаулық Даяна Федосова 57 келі салмақ дәрежесінде белдесіп, қола жүлдемен оралды.

41 елден 270 спортшы бақ сынаған байрақты бәсекеге елден 18 спортшы аттанған. Солардың қатарында, теміртаулық ару қола жүлдегер атанса, 73 келіде күрескен Олжас Оразалыұлы да III орын иеленді. Ал, 48 келіге шыққан елордалық Ақмарал Науатбек ел қоржынына алтын медаль салды.

– Даяна әлемдік рейтингте II орында тұр. Сондықтан, «қайтсем де алтын аламын» деп үлкен дайындықпен барды. Күніне 5 сағат жаттығып, бар күшін салды. Өкінішке қарай, испандық спортшыдан өте алмады. Десе де, ол Токиода өтетін Grand slam турниріне қатысады. Осы турнирден алтын аламыз. Және бұл турнир рейтингке де үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан, әлемдік рейтингтегі көшбасшылар үштігінде қалу үшін бар күшімізді салып дайындаламыз. Біздің негізгі мақсат – 2024 жылы өтетін Париждегі Паралимпиада ойындары, – деді тәлімгері, дзюдодан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Сергей Дмитриенко.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● КӨРМЕ

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кейбір картиналар болады, жаныңды жадыратып, көңіл қошыңды көтеретін. Сондай туындыларға қарап-ақ, бір демалып қалатының рас. Ал, салған туындына өң беріп, тірілтетін – бояу. Оны хас суретшілер жақсы біледі. Қоршаған ортада қордаланған мәселе көп. Көп адам байқай бермейтін сұлулық та жетерлік. Осы бір құбылыстарға көптің емес, суретшінің көзімен қарап көрсеніз ше? Мәселен, кара, қызыл, ақ түсті ғана пайдалана отырып, өміріңнің жақсы және жаман жағын суреттеп бере алар ма едіңіз? Бәрі де мүмкін! Қарағандылық Лидия Дроздова достары Георгий Макаров пен Игорь Гушин тек осы түстерді ғана пайдалана отырып салған туындыларын көпшілік назарына ұсынды.

Облыстық бейнелеу өнері музейінде авторлардың 44 туындысы қойылған. Жұмыс сапарымен жүрген олар көрменің ашылу салтанатына келе алмады.


– Авторлар келе алмаса да көрменің қарасы көп. Қойылған сұрақтың басым бөлігі авторлар емес, көрменің

Үш түс: көп ой

атауында болды. Бұл тақырыпты философия бағытында талдайтын болсақ, Лидия Дроздова: «Қара – адам бойындағы құбылыс. Қызыл – махаббат. Ақ – тазалықтың белгісі» деп айтқан еді. Осы үш түсті пайдалана отырып, суретшілер ішкі жан дүниесіндегі үйлесімді жеткізген, – деді музейдің ғылыми-әдістеме бөлімінің басшысы Мейрамгүл Елубаева.

Лидия Дроздова туындыларының басым бөлігінде әйел образы бейнеленген. Мәселен, «Шегіртке» картинасына назар салып көріңіз. Мұнда жас келіншек және мысықтың шегіртке қуып жүрген көрінісі бейнеленген. Алғаш рет туындыға көзіңіз түскенде «Неге түрлі-түсті бояумен бермеген?» деген сұрақ туындайтының рас. Алайда, бұл образды түрлі-түсті бояумен берсеңіз, суретті ашпай қалатының сөзсіз. Тек, мән-мағынасы жоқ қарайтын сөзсіз. Автор картинаның артқы бөлігін кара түспен беріп, алдыңғы бөлігіне қызыл көйлекті келіншекті салған. Қызыл түсті алаулатып, екі бөліктің арасын жалғаған жалын іспетті бояпты. Шегіртке қуып жүрген мысық – келіншектің жас күні. Жастығының өтіп бара жатқанын көпшілік қауымға осылай жеткізгісі келсе керек. Ал, келіншектің жүзінде әлдеқандай алаң бар. Басын төмен салған күйі әлгі мысықтың соңынан еріп келеді...

Игорь Гушиннің «Жұлдызды пор-



трет» картинасын көргеніңізде-ақ, ойыңызға бірінші табиғат, экологиялық мәселелер оралатының сөзсіз. Бұған дейін осы бағытта салынған түрлі картиналарды көрдіңіз. Алайда, Игорьдың шеберлігі сізді ойландырмай қоймасы анық. Суретші жер шарын адамның бейнесі етіп салып, оны үш бөлікке бөліпті. Маңдайына – ғаламшардың көрінісін келістірген. Ол жер айналып, күннің көзі шуағын шашып тұр. Манайы – самсаған жарық жұлдыз. Ал, адамның оң беті – сұлу табиғаттың сипаты. Алайда, автор бейнедегі адамның оң көзін жұмулы күйінде қалдырған. Неге? Табиғат-ана жердің асты-үсті толы байлықты адамзат баласына мирас



етті. Зор байлықты игеруде өзіне орасан зиян тигізетін билсе де, адамзат игілігіне берді. Ал, оның салдарын сол беттегі көріністен байқауға болады...

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ ЖЕКЕ ИНВЕСТИТОРЛАРДЫ КОМПАНИЯ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУГЕ ШАҚЫРАДЫ



ҚАРАҒАНДЫ Қ.

2022 жылғы 15 қараша
9:00

«Космонавт» қонақ үйі, үлкен конференц-зал
Аманжолов көшесі, 162а

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryaqsa aqarat» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі
Директор Қайрат ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы
Оксана МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Гүлмира ЖҰМАДІЛДИНОВА
Бас редактор
Ерсін МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Назым ДҰТБАЙ
Интернет-редакция редакторы
Лияс МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Қасымхан ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы: 8-777-073-71-13
Теміртау, Сараң, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

- Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген.
- Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ К218VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлихан Ермеков көшесі, №33 үй.



«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСВКZKХ БИН 000840001412
№126 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік
орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор
Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ